

Register your product and get support at
www.philips.com/welcome

7909

49PUS7909
49PUS7909
55PUS7909
55PUS7909

Нұсқаулық

PHILIPS

Мазмұны

1 ТД туры 4

- 1.1 Android TV 4
- 1.2 Ultra HD теледидары 4
- 1.3 Қолд-р 4
- 1.4 Фильмдер мен көрілмеген шоулар 4
- 1.5 Әлеуметтік желілер 4
- 1.6 Теледидарды және жазбаларды уақытша тоқтату 4
- 1.7 Ойын ойнау 5
- 1.8 Skype 5
- 1.9 3D 5
- 1.10 Смартфондар және планшеттер 5

2 Орнату 6

- 2.1 Қауіпсіздік туралы нұсқауларды оқу 6
- 2.2 ТД тірегі мен қабырғаға бекіту жақтауы 6
- 2.3 Орналастыру бойынша кеңестер 6
- 2.4 Қуат кабелі 6
- 2.5 Антенна кабелі 7
- 2.6 Жерсерік тарелкасы 7

3 Желі 9

- 3.1 Желіге қосылу 9
- 3.2 Желі параметрлері 10
- 3.3 Желілік құрылғылар 11
- 3.4 Файлды бөлісу 11

4 Байланыстар 13

- 4.1 Байланыстар бойынша кеңестер 13
- 4.2 EasyLink HDMI CEC 14
- 4.3 CI+ CAM смарт картамен 15
- 4.4 Теледидардың абоненттік қосымшасы - STB 16
- 4.5 Жерсерік ресивері 17
- 4.6 Үй кинотеатры жүйесі — HTS 17
- 4.7 Blu-ray диск ойнатқышы 19
- 4.8 DVD ойнатқышы 19
- 4.9 Ойын консолі 19
- 4.10 Джойстик 20
- 4.11 USB қатты дискісі 20
- 4.12 USB пернетақтасы немесе тінтуірі 21
- 4.13 USB жад құрылғысы 22
- 4.14 Фотокамера 22
- 4.15 Бейне камера 23
- 4.16 Компьютер 23
- 4.17 Құлақспап 24
- 4.18 Сымсыз дауыс зорайтқыш 24

5 Қосу және өшіру 25

- 5.1 Қосулы, Күту режимі немесе өшірулі 25
- 5.2 Philips логотипінің ашықтығы 25
- 5.3 Теледидардағы түймелер 25
- 5.4 Ұйқы таймері 25
- 5.5 Таймерді өшіру 26

6 Қашықтан басқару құралы 27

- 6.1 Түймелерге шолу 27
- 6.2 Көрсеткіш 28
- 6.3 Қашықтан басқару құралы, микрофон 29
- 6.4 Пернетақта 29
- 6.5 Теледидармен байланыстыру 31

- 6.6 Инфрақызыл сенсор 31
- 6.7 Батареялар 32
- 6.8 Тазалау 32

7 Негізгі мәзір 33

- 7.1 Home (Басты) мәзірін ашу 33
- 7.2 Шолу 33
- 7.3 Хабарландырулар 33
- 7.4 Home (Басты) мәзірі, іздеу 33

8 Бағдарламалар, ұсыныстар 35

- 8.1 Now on TV (Қазір теледидарда) туралы 35
- 8.2 Сізге не қажет 35
- 8.3 Now on TV (Қазір теледидарда) мүмкіндігін пайдалану 35

9 Қолд-р 36

- 9.1 Қолданбалар туралы 36
- 9.2 Қолданбаны орнату 36
- 9.3 Қолданбаны іске қосу 36
- 9.4 Chrome™ 36
- 9.5 Қолданба құлпы 37
- 9.6 Виджеттер 37
- 9.7 Қолданбалар мен виджеттерді жою 37
- 9.8 файлдары, тазарту 37
- 9.9 Android параметрлері 38
- 9.10 Пайдалану шарттары - Қолданбалар 38

10 Тапсырыс бойынша бейне 39

- 10.1 «Талап бойынша бейне» туралы 39
- 10.2 Фильмді жалға алу 39
- 10.3 Ағынмен жіберу 39

11 TV on Demand 40

- 11.1 «Талап бойынша теледидар» туралы 40
- 11.2 Бағдарламаны сұрау 40

12 Арналар 41

- 12.1 Арналарды қарау 41
- 12.2 Теледидар нұсқаулығы 48

13 Көздер 50

- 13.1 Құрылғыға ауысу 50
- 13.2 Құрылғыны анықтау 50
- 13.3 Бір рет түртіп ойнату 50

14 3D 51

- 14.1 Сізге не қажет 51
- 14.2 3D көзідірігі 51
- 14.3 3D пішімінде көру 51
- 14.4 3D бейнелерін оңтайлы көру 51
- 14.5 3D көзідірікті күту 52
- 14.6 Денсаулыққа қатысты ескерту 52

15 Бірнеше көрініс 53

- 15.1 Бірнеше көрініс мүмкіндігін қарау туралы 53
- 15.2 Тапсырмалар жолағы 53
- 15.3 Екі теледидар арнасын қарау 53
- 15.4 Экрандарды ауыстыру 53
- 15.5 Мәтін және теледидар 53

16 Ойындар 54

- 16.1 Сізге не қажет 54
- 16.2 Ойын параметрлері 54
- 16.3 Ойын ойнау 54
- 16.4 Джойстиктер 55
- 16.5 Бөлінген экранда ойнау 55

17 Бейнелер, фотосуреттер және музыка 56

- 17.1 USB қосылымынан 56
- 17.2 Компьютерден немесе NAS қоймасынан 56
- 17.3 Мобильді құрылғыдан 56
- 17.4 Бейнелер 57
- 17.5 Фотосуреттер 58
- 17.6 Музыка 58

18 Теледидарды кідірту 60

- 18.1 Сізге не қажет 60
- 18.2 Бағдарламаны кідірту 60

19 Жазу 61

- 19.1 Сізге не қажет 61
- 19.2 Бағдарлама жазу 61
- 19.3 Жазбаны көру 62

20 Skype 63

- 20.1 Skype туралы 63
- 20.2 Сізге не қажет 63
- 20.3 Skype бағдарламасымен жұмысты бастау 63
- 20.4 Skype мәзірі 64
- 20.5 People (Адамдар) 64
- 20.6 Skype қызметінде қоңырау шалу 65
- 20.7 Skype кредиті 66
- 20.8 Skype параметрлері 67
- 20.9 Теледидарға оралу 68
- 20.10 Шығу 68

21 Multi Room 69

- 21.1 Multi Room туралы 69
- 21.2 Сізге не қажет 69
- 21.3 Multi Room мүмкіндігін пайдалану 69

22 Осыны бөлісу... 71

23 Теледидарды қашықтан басқару бағдарламасы 72

24 Параметрлерді орнату 73

- 24.1 Жылдам параметрлер 73
- 24.2 Сурет 73
- 24.3 Дыбыс 77
- 24.4 Ambient 80
- 24.5 Жалпы параметрлер 83
- 24.6 Эко параметрлері 84
- 24.7 Арнайы мүмкіндіктер 85
- 24.8 Желі 87
- 24.9 Орнату антеннасы/кабель 87
- 24.10 Жерсерікті орнату 90

25 Бағдарламалық құрал 94

- 25.1 Бағдарламалық құралды жаңарту 94
- 25.2 Бағдарламалық құрал нұсқасы 94
- 25.3 Бастапқы коды ашық бағдарламалық құрал 94
- 25.4 Open Source License 95
- 25.5 Хабарландырулар 115

26 Ерекшеліктер 116

- 26.1 Қоршаған ортаға қауіпсіз 116

- 26.2 Қуат 116
- 26.3 Операциялық жүйе 116
- 26.4 Қабылдау 117
- 26.5 Дисплей 117
- 26.6 Өлшемдері және салмақтары 117
- 26.7 Байланыс мүмкіндігі 117
- 26.8 Дыбыс 118
- 26.9 Мультимедиа 118

27 Қолдау 119

- 27.1 Тіркеу 119
- 27.2 Ақаулықтарды шешу 119
- 27.3 Анықтама 120
- 27.4 Онлайндық анықтама 121
- 27.5 Жөндеу 121

28 Қауіпсіздік және қызмет көрсету 122

- 28.1 Қауіпсіздік 122
- 28.2 Экран күтімі 123

29 Пайдалану шарттары, авторлық құқықтар және лицензиялар 124

- 29.1 Пайдалану шарттары - Теледидар 124
- 29.2 Авторлық құқықтар мен лицензиялар 124

Индекс 127

ТД туры

1.1

Android TV

Бұл Philips теледидары **Android™** жүйесімен жұмыс істейді.

Смартфоныңыз бен планшетіңіз сияқты жаңа теледидарыңызда сіз ойлаған теледидар ойын-сауықтарының әрқайсысына арналған ең қолайлы қолданбалар бар. Теледидар арналарын көріңіз, онлайн ойындар ойнаңыз, Skype желісіндегі досыңызға қоңырау шалыңыз немесе теледидарға жай ғана сөйлеп, интернеттен сүйікті әніңізді табуды сұраңыз.

Смартфондағы немесе планшеттегі **Philips теледидарды қашықтан басқару қолданбасы** арқылы теледидар арналары дәл алдыңызда болады. Үлкен теледидар экранына фотосурет жіберіңіз немесе асүйдегі планшетіңізден сүйікті аспаздық шоууды бақылаңыз. Енді теледидарыңыз мобильді үйіңіздің бір бөлігіне айналады.

Теледидарды үй желісіне және интернетке қосыңыз.

Android, Google Play and other marks are trademarks of Google Inc. The Android robot is reproduced or modified from work created and shared by Google and used according to terms described in the Creative Commons 3.0 Attribution License.


<http://creativecommons.org/licenses/by/3.0/legalcode>

1.2

Ultra HD теледидары

Бұл теледидардың **Ultra HD** дисплейі бар. Оның ажыратылымдығы әдепкі HD дисплейінен төрт есе артық. Ultra HD теледидардағы өңделген және жанды көріністің сапасын 8 миллион пиксельге арттырады.

Алдымен, жаңа **Ultra Pixel HD механизмi** теледидардан келген сигналдарды Ultra HD ажыратымдылығына үздіксіз түрлендіреді. Осылайша теледидарды қосқан сәтте таң қаларлық сурет сапасын көре аласыз. Немесе түпнұсқалық Ultra HD бейнелерін HDMI қосылымы арқылы көре аласыз. Ultra HD теледидар көрінісін үлкен экранның өзінде анық және бейнелі етеді.



1.3

Қолд-р

Бастау үшін теледидарға кейбір қолайлы **Apps (Қолданбалар)** алдын ала орнатылып қойған.

Apps (Қолданбалар) беттері теледидардағы қолданбалар жиынтығын көрсетеді. Смартфондағы немесе планшеттегі қолданбалар сияқты теледидардағы қолданбалар теледидар мүмкіндіктерін арттыруға арналған арнайы функцияларды ұсынады. YouTube, Twitter, теледидар ойындары немесе ауа райы болжамы және т.б. сияқты қолданбалар. Не болмаса, интернетке кіру үшін Google Chrome сияқты интернет браузер қолданбасын іске қосыңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін **Keywords (Кілтсөздер)** пернесін басып, **Apps (Қолданбалар)** деп іздеңіз.

1.4

Фильмдер мен көрілмеген шоулар

Жалға берілетін бейнені алу үшін үйден шығудың қажеті жоқ.

Video on Demand (Талап бойынша бейне) бетін ашып, теледидарға ағынмен тікелей тасымалданатын ең соңғы фильмді алыңыз. Бейнелер дүкені қолданбасын ашып, жеке есептік жазбаңызды жасаңыз, фильмді таңдап, ойнатуды басыңыз. Жүктеуде қиындық болмайды*.

Талап бойынша бейне кейбір елдерде ғана қолжетімді.

Қосымша ақпарат алу үшін **Keywords (Кілтсөздер)** пернесін басып **Video on Demand (Талап бойынша бейне)** деп іздеңіз.

* Тандалған бейне дүкеннің бейне тарату қызметіне байланысты.

1.5

Әлеуметтік желілер

Компьютерде достардың хабарларын тексеру үшін тұрудың қажеті жоқ.

Бұл теледидар экранында **әлеуметтік желіден** хабарлар аласыз. Жауап хабарды төсегіңізде жатып жібере аласыз. Home (Басты) мәзірі қойындысы **Apps (Қолданбалар)** тармағынан Twitter қолданбаларын таба аласыз.

Қосымша ақпарат алу үшін **Keywords (Кілтсөздер)** пернесін басып, **Apps (Қолданбалар)** деп іздеңіз.

Теледидарды және жазбаларды уақытша тоқтату

USB қатты дискісін қоссаңыз, сандық теледидар арнасынан таратылымды кідіртуге және жазуға болады.

Теледидарды уақытша тоқтатып, шұғыл қоңырауға жауап беріңіз немесе спорттық матч кезінде үзіліс жасаңыз, бұл кезде теледидар таратылымды USB қатты дискісіне сақтайды. Кейінірек қайта көруге болады.

USB қатты дискісі қосылып тұрғанда, сандық таратылымдарды да жазуға болады. Бағдарламаны көріп отырғанда жазуға немесе алдағы бағдарламаны жазуды жоспарлауға болады.

Қосымша ақпарат алу үшін **Keywords (Кілтсөздер)** түймесін басып, **Pause TV (Теледидарды кідірту)** немесе **Recording (Жазу)** деп іздеңіз.

Ойын ойнау


Бұл теледидар — **ойнауға** арналған сіздің үлкен экраныңыз. Екі адамға да жетеді.

Жалғанған ойын консоліндегі, орнатылған қолданбадағы немесе веб-сайттағы жай ғана онлайн ойынды ойнауға болады. Жылдам әрі жауапты әрекет ету үшін теледидарды ойнауға арналған ең жақсы параметрлерге реттей аласыз. Бөлінген экран арқылы бірнеше ойыншыға арналған ойын ойнасаңыз, теледидарды әрқайсысын бір мезгілде толық экран ретінде көрсететіндей реттеуге болады. Әр ойыншы өз ойынына зер сала алады.

Қосымша ақпарат алу үшін **Keywords (Кілтсөздер)** пернесін басып, **Gaming (Ойын ойнау)** деп іздеңіз.

Skype

Теледидардағы **Skype™** арқылы бірге болмаған кезде де тікелей қонақ бөлмесінен естеліктер жасауға және оны бөлісуге болады. Сондықтан компьютер айналасында үймелеу немесе кадрдан тыс кездерді өткізіп алу жағдайлары болмайды.



Skype-Skype дыбыстық және бейне қоңырауын Skype қосылған басқа құрылғыларға тегін шалуға болады.

Бейне қоңырау шалу үшін кірістірілген микрофоны бар камера және интернетке жақсы қосылым қажет. Кейбір Philips теледидарларында кірістірілген камера және микрофон бар.

Қосымша ақпарат алу үшін **Keywords (Кілтсөздер)** пернесін басып, **Skype** деп іздеңіз.

3D

Жаңа теледидарыңыз — **3D TV**.

Фильмді 3D арқылы көріп, ерекше әсерге бөленіңіз. Фильмді Blu-ray ойнатқышында 3D арқылы көріңіз немесе 3D фильмді Home (Басты) мәзір, Video on Demand (Талап бойынша бейне) тармағындағы бейне дүкенінен жалға алыңыз.

3D бейнені оның толық ажыратымдылығымен көру үшін теледидар Active 3D технологиясын пайдаланады.

Қосымша ақпарат алу үшін **Keywords (Кілтсөздер)** пернесін басып, **3D** деп іздеңіз.

Смартфондар және планшеттер

Жаңа **Philips теледидарды қашықтан басқару қолданбасы** — сіздің жаңа теледидар досыңыз.

Смартфондағы немесе планшеттегі теледидарды қашықтан басқару бағдарламасы арқылы айналаңыздағы медианың шеберіне айналасыз. Үлкен теледидар экранына фотосуреттер, музыка немесе бейнелер жіберіңіз, не болмаса теледидар арналарының кез келгенін планшеттен немесе телефоннан көріңіз. Теледидар нұсқаулығын ашып, ертеңге жазуды жоспарлаңыз. Үйдегі теледидар жұмысты орындайды. Ambilight+hue (Ambilight+реңк) параметрін қосып, қонақ бөлмеге ең жайлы түс әсерлерін реттеңіз. Теледидарды қашықтан басқару бағдарламасымен басқару сіздің қолыңызда болады. Теледидар дыбысын азайту керек болуы мүмкін.

Таңдаулы қолданбалар дүкенінен бүгін Philips теледидарды қашықтан басқару қолданбасын сатып алыңыз.

Ол тегін.

Philips теледидарды қашықтан басқару қолданбасы iOS және Android үшін қолжетімді.

Орнату

2.1

Қауіпсіздік туралы нұсқауларды оқу

Теледидарды бірінші рет пайдаланбай тұрып қауіпсіздік туралы нұсқауларды оқып шығыңыз.

Нұсқаулықтарды оқу үшін **Keywords (Кілтсөздер)** түсті пернесін басып, **Safety instructions (Қауіпсіздік нұсқаулары)** деп іздеңіз.

2.2

ТД тірегі мен қабырғаға бекіту жақтауы

ТД тірегі

ТД тірегін орнату туралы нұсқауларды теледидармен бірге берілген Жұмысты бастаудың қысқаша нұсқаулығынан табуға болады. Бұл нұсқаулықты жоғалтып алған болсаңыз, оны www.philips.com сайтынан жүктеуге болады.

Жүктеп алынатын **Жұмысты бастаудың қысқаша нұсқаулығын** теледидардың өнім түрінің саны арқылы іздеңіз.


Қабырғаға орнату

Сондай-ақ, Теледидар VESA стандартымен үйлесімді қабырға кронштейнімен (бөлек сатылады) қолдануға дайын. Қабырғаға орнатуды сатып алғанда келесі VESA кодын пайдаланыңыз. . .

- 49PUS7909
VESA MIS-F 400x400, M6
- 55PUS7909
VESA MIS-F 400x400, M6

Дайындау

Алдымен, теледидардың артқы жағындағы резьбалы тығындардан 4 пластик бұранда қалпақты алып тастаңыз. Теледидарды VESA стандартымен үйлесімді кронштейнге орнату үшін металл бұрандалардың теледидардың резьбалы тығындарына шамамен 10 мм тереңдікке енетінін тексеріңіз.



Абайлаңыз

Теледидарды қабырғаға орнату үшін, арнайы тәжірибе қажет және оны тек білікті мамандар орындауы керек.

Теледидарды қабырғаға орнату олардың салмағына сәйкес қауіпсіздік стандарттарына сай болуы керек. Теледидарды орнатар алдында сақтық шараларын оқыңыз.

TP Vision Europe B.V. дұрыс орнатпау, не болмаса орнатудан туындайтын сәтсіз немесе жарақат алуға әкелетін жағдайлар үшін жауапты емес.

2.3

Орналастыру бойынша кеңестер


- Теледидарды экранына жарық тікелей түспейтін жерге орналастырыңыз.
- Ambilight әсерін жақсарту үшін бөлмедегі жарықты азайтыңыз.
- Теледидарды қабырғадан 15 см қашығырақ орналастырыңыз.
- Теледидарды көрудің ең қолайлы қашықтығы экран диагоналінің 3 еселік өлшеміне тең. Отырған кезде көз экранның орта тұсымен бір деңгейде болуы тиіс.



2.4

Қуат кабелі

- Қуат кабелінің теледидардың артындағы **POWER** коннекторына қосыңыз.
- Қуат кабелінің коннекторға мықтап кіргізілгенін тексеріңіз.
- Розеткадағы қуат ашасына кез келген уақытта қол жеткізуге болатынын тексеріңіз.
- Қуат кабелін суырғанда әрқашан ашаны тартыңыз, ешқашан кабельді тартпаңыз.



Бұл теледидар күту режимінде электр қуатын өте аз пайдаланғанымен, теледидарды ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, қуат үнемдеу үшін электр сымын ажыратып қойыңыз.

— **Keywords (Кілтсөздер)** түсті түймесін басыңыз және теледидарды қосу немесе өшіру туралы қосымша ақпарат алу үшін **Switching On (Қосу)** деп іздеңіз.


2.5

Антенна кабелі

Антенна ашасын теледидардың артындағы **Antenna** ұясына қосыңыз.

Жеке антеннаңызды қосуға немесе антенна сигналына антенна тарату жүйесінен қосылуға болады. IEC Coax 75 Ohm RF антенна қосқышын пайдаланыңыз.

Бұл антенна байланысын DVB-T және DVB-C кіріс сигналдары үшін пайдаланыңыз.



2.6

Жерсерік тарелкасы


Бір тюнер

Жерсерік арнасын көру және бір уақытта басқа арнаны жазу үшін жерсерік тарелкасынан теледидарға бірдей 2 кабель жалғауыңыз қажет. Сізде 1 ғана кабель болса, жазып жатқан арнаңыз сіз көре алатын бір ғана арна болады.

Кабельді жерсерік тарелкасынан тікелей **SAT 1** қосылымына жалғаңыз. Жерсерік антенналық кабелін жалғауға арналған коаксиалды кабель жиынтығын пайдаланыңыз. Орнатпастан бұрын жерсерік тарелкасының дұрыс тураланғанын

тексеріңіз.

Жерсерік тарелкасын орнату кезінде **One Tuner (Бір тюнер)** тармағын таңдаңыз.




Екі тюнер

Жерсерік арнасын көру және бір уақытта басқа арнаны жазу үшін жерсерік тарелкасынан теледидарға бірдей 2 кабель жалғауыңыз қажет.

Кабельді жерсерік тарелкасынан тікелей **SAT 1** қосылымына жалғаңыз және екінші кабельді **SAT 2** қосылымына жалғаңыз. Жерсерік антенналық кабелін жалғауға арналған коаксиалды кабель жиынтығын пайдаланыңыз. Орнатпастан бұрын жерсерік тарелкасының дұрыс тураланғанын тексеріңіз.


Жерсерік тарелкасын орнату кезінде **Two Tuners (Екі тюнер)** тармағын таңдаңыз.



Бір кабель немесе MDU

Бір кабельдік жүйені пайдалансаңыз, кабельді **SAT 1** қосылымына жалғаңыз. Жерсерік антенналық кабелін жалғауға арналған коаксиалды кабель жиынтығын пайдаланыңыз. Орнатпастан бұрын жерсерік тарелкасының дұрыс тураланғанын тексеріңіз.

Жерсерік тарелкасын орнату кезінде **Two Tuners (Екі тюнер)**, кейін **Unicable (Бір кабель)** тармағын таңдаңыз.



Желі

3.1

Желіге қосылу

Сымсыз байланыс

Сізге не қажет

Теледидарды интернетке сымсыз жалғау үшін интернет қосылымы бар Wi-Fi маршрутизаторы қажет.

Жылдамдығы жоғары (кең ауқымды) интернет қосылымын пайдаланыңыз.



Байланыс орнату

Тоқ сымсыз

Сымсыз байланыс орнату үшін...

- 1 - **Settings** түймесін басыңыз және **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 2 - **Network (Желі)**, кейін **Connect to Network (Желіге қосылу)** түймесін басыңыз.
- 3 - **Wireless (Сымсыз)** түймесін басыңыз.
- 4 - Табылған желілер тізімінен сымсыз желіні басыңыз. Желі атауы жасырылғандықтан, желіңіз тізімде болмаса (маршрутизатордың SSID таратылымын өшірдіңіз), желі атауын енгізу үшін **Enter Name (Атты енгізу)** пәрменін таңдаңыз.
- 5 - Маршрутизатордың түріне байланысты шифрлау кілтін енгізіңіз - WEP, WPA не WPA2. Осы желіге шифрлау кілтін бұрын енгізіп қойсаңыз, бірден байланыстыру үшін **OK** түймесін басуға болады.
- 6 - Байланыс сәтті болғанда хабар көрсетіледі.

WPS

Маршрутизаторда WPS болса, маршрутизаторға желілер үшін сканерлеместен тікелей жалғауға болады. Сымсыз желіңізде WEP қауіпсіздік шифрлау жүйесін пайдаланатын құрылғылар болса, WPS пайдалана алмайсыз.

- 1 - Home (Басты) мәзірін ашу үшін **HOME** пернесін басыңыз.
- 2 - Мәзір жолағында **Apps (Қолданбалар)** және **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 3 - **Network (Желі)**, кейін **Connect to Network (Желіге қосылу)** түймесін басыңыз.
- 4 - **WPS** түймесін басыңыз.
- 5 - Маршрутизаторға өтіп, WPS түймесін басыңыз және 2 минут ішінде теледидарға оралыңыз.
- 6 - Байланыс орнату үшін **Connect (Қосылу)** түймесін басыңыз.
- 7 - Байланыс сәтті болғанда хабар көрсетіледі.

PIN коды бар WPS

Маршрутизаторда PIN коды бар WPS болса, маршрутизаторға желілер үшін сканерлеместен тікелей жалғауға болады. Сымсыз желіңізде WEP қауіпсіздік шифрлау жүйесін пайдаланатын құрылғылар болса, WPS пайдалана алмайсыз.

- 1 - Home (Басты) мәзірін ашу үшін **HOME** пернесін басыңыз.
- 2 - Мәзір жолағында **Apps (Қолданбалар)** және **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 3 - **Network (Желі)** тармағына өтіп, **Connect to Network (Желіге қосылу)** түймесін басыңыз.
- 4 - **WPS with PIN code (PIN коды бар WPS)** түймесін басыңыз.
- 5 - Экранда көрсетілген 8 санды PIN кодын жазып, оны компьютердегі маршрутизатор бағдарламалық құралына енгізіңіз. PIN кодын маршрутизатор бағдарламалық құралының қай бөлігіне енгізуді маршрутизатор нұсқаулығынан қараңыз.
- 6 - Байланыс орнату үшін **Connect (Қосылу)** түймесін басыңыз.
- 7 - Байланыс сәтті болғанда хабар көрсетіледі.

Мәселелер

Сымсыз желі табылмады немесе бұрмаланған

- Жақын жердегі қысқа толқынды пештер, DECT телефондары немесе басқа Wi-Fi 802.11b/g/n құрылғылары сымсыз желіні бұзуы мүмкін.
- Желідегі қорғаныс жүйесі теледидардың сымсыз қосылымына кіру мүмкіндігін беретінін тексеріңіз.
- Егер үйіңізде сымсыз желі дұрыс жұмыс істемесе, сымды желіні орнатып көріңіз.

Интернет жұмыс істемейді

- Маршрутизатормен байланыс дұрыс болса, маршрутизатордың Интернетпен қосылымын тексеріңіз.

Компьютер және Интернет байланысы баяу

- Үй ішіндегі ауқым, беру жылдамдығы және сигнал сапасының басқа факторлары туралы ақпаратты сымсыз маршрутизатордың пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
- Маршрутизатор үшін жылдамдығы жоғары Интернет

қосылымы қажет.


ДНСП

• Байланыс сәтсіз болса, маршрутизатордың ДНСП (Динамикалық хост конфигурация протоколы) параметрін тексеруге болады. ДНСП параметрі қосылу болуы қажет.

Сымды байланыс

Сізге не қажет

Теледидарды интернетке қосу үшін интернет қосылымы бар желі маршрутизаторы қажет. Жылдамдығы жоғары (кең ауқымды) интернет қосылымын пайдаланыңыз.



Байланыс орнату

Сымды байланыс орнату үшін...

- 1 - Маршрутизаторды теледидарға желілік кабельмен (Ethernet кабелі**) қосыңыз.
- 2 - Маршрутизатордың қосылып тұрғанын тексеріңіз.
- 3 - ⚙️ түймесін басыңыз және ◀️ (сол жақ) **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 4 - **Network (Желі)**, кейін **Connect to Network (Желіге қосылу)** түймесін басыңыз.
- 5 - **Wired (Сымды)** түймесін басыңыз. Теледидар желі қосылымын үздіксіз іздейді.
- 6 - Байланыс сәтті болғанда хабар көрсетіледі.

Егер байланыс орнатылмаса, маршрутизатордың ДНСП параметрін тексеруге болады. ДНСП параметрі қосылу болуы қажет.

**ЕМС ережелерін орындау үшін қорғалған FTP Cat. 5E Ethernet кабелін пайдаланыңыз.

3.2

Желі параметрлері

Желі параметрлерін көру

Ағымдағы барлық желі параметрлерін осы жерден көруге болады. IP және MAC мекенжайы, сигнал күші, жылдамдығы, шифрлау әдісі, т.б.

Ағымдағы желі параметрлерін көру үшін...

- 1 - ⚙️ түймесін басыңыз және ◀️ (сол жақ) **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 2 - **Network (Желі)** түймесін, кейін **View Network Settings (Желі параметрлерін көру)** түймесін басыңыз.
- 3 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін ⏪ **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

Желі конфигурациясы

Тәжірибелі пайдаланушы болсаңыз және желіні статикалық IP мекенжайымен орнатқыңыз келсе, теледидарды **Static IP** (Статикалық IP) параметріне орнатыңыз.

Теледидарды Static IP (Статикалық IP) параметріне орнату үшін...

- 1 - ⚙️ түймесін басыңыз және ◀️ (сол жақ) **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 2 - **Network (Желі)** түймесін, кейін **Network Configuration (Желі конфигурациясы)** түймесін басыңыз.
- 3 - **Static IP (Статикалық IP)** түймесін басып, **Network (Желі)** бөліміне оралыңыз.
- 4 - **Static IP Configuration (Статикалық IP конфигурациясы)** түймесін басып, байланысты конфигурациялаңыз.
- 5 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін ⏪ **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

Wi-Fi желісімен қосу (WoWLAN)

Теледидар күту режимінде болса, бұл теледидарды смартфоннан немесе планшеттен қоса аласыз. **Switch on with Wi-Fi (WoWLAN) (Wi-Fi желісімен қосу (WoWLAN))** параметрі қосылу болуы қажет.




WoWLAN қосу үшін...

- 1 - ⚙️ түймесін басыңыз және ◀️ (сол жақ) **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 2 - **Network (Желі)** түймесін, кейін **Switch on with Wi-Fi (WoWLAN) (Wi-Fi желісімен қосу (WoWLAN))** түймесін басыңыз.
- 3 - **On (Қосу)** түймесін басыңыз.
- 4 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін ⏪ **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

Digital Media Renderer - DMR


Егер мультимедиалық файлдар теледидарда ойнатылмаса, Digital Media Renderer (Сандық мультимедиа өңдегіш) қосулы екенін тексеріңіз. Зауыттық параметр ретінде DMR қосулы болады.

DMR қосу үшін...

- 1 -  түймесін басыңыз және  (сол жақ) **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 2 - **Network (Желі)** түймесін және **Digital Media Renderer** түймесін басыңыз.
- 3 - **On (Қосу)** түймесін басыңыз.
- 4 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін  **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

Wi-Fi Miracast




Смартфон, планшет немесе компьютер экранын теледидарда бөлісу үшін Wi-Fi Miracast функциясын қосыңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін  **Keywords** (Кілтсөздер) пернесін басып **Miracast™, switch on** (Miracast™, қосу) деп іздеңіз.

Wi-Fi Smart экраны

Цифрлық теледидар арналарды смартфонда немесе планшетте Philips теледидарды қашықтан басқару қолданбасы арқылы қарау үшін Wi-Fi Smart Screen (Wi-Fi Smart экраны) функциясын қосу қажет. Кейбір шифрланған арналар мобильді құрылғыда қолжетімді болмауы мүмкін.



Wi-Fi Smart Screen (Wi-Fi Smart экраны) функциясын қосу үшін...

- 1 -  түймесін басыңыз және  (сол жақ) **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 2 - **Network (Желі)** түймесін, кейін **Wi-Fi Smart Screen** (Wi-Fi Smart экраны) түймесін басыңыз.
- 3 - **On (Қосу)** түймесін басыңыз.
- 4 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін  **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

Теледидар желісінің атауы


Үйдегі желіңізде бірнеше теледидар болса, теледидарға бірегей атау беруге болады.

Теледидар атауын өзгерту үшін...

- 1 -  түймесін басыңыз және  (сол жақ) **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 2 - **Network (Желі)** түймесін, кейін **TV Network Name (ТД желі атауы)** түймесін басыңыз.
- 3 - Қашықтан басқару құралының пернетақтасы арқылы

атауын енгізіңіз.




4 - **Done (Дайын)** түймесін басыңыз.

5 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін  **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

файлдары, тазарту

Интернет жадын тазалау арқылы теледидарда сақталған барлық интернет файлдарын жоясыз. Philips Smart TV тіркеуін және ата-аналық бағалау параметрін, бейнелер дүкені қолданбасының кіру деректерін, барлық Smart TV қолданбасының таңдаулыларын, интернет бетбелгілерін және журналын тазалайсыз. Сондай-ақ, интерактивтік MHEG қолданбалары атты файлдарды теледидарға сақтай алады. Бұл файлдар да жойылады.

Интернет жадын тазалау үшін...

- 1 -  түймесін басыңыз және  (сол жақ) **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 2 - **Network (Желі)** түймесін, одан кейін **Clear Internet Memory (Интернет жадын тазалау)** түймесін басыңыз.
- 3 - Растау үшін **Yes (Иә)** түймесін басыңыз.
- 4 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін  **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

3.3

Желілік құрылғылар

Теледидар сымсыз желідегі компьютер немесе смартфон сияқты басқа құрылғыларға қосыла алады. Компьютерді Microsoft Windows немесе Apple OS X жүйесімен бірге пайдалануға болады.


3.4

Файлды бөлісу

Бұл теледидарда компьютерде сақталған фотосуреттерді, музыканы және бейнелерді ашуға болады. Philips MediaManager*, Windows Media Player 11, Twonky™ немесе сол сияқты медиа сервер бағдарламасының соңғы нұсқасын пайдаланыңыз.

Медиа сервер бағдарламасын компьютерге орнатыңыз және оны мультимедиалық файлдарды теледидармен бөлісуге реттеңіз. Қосымша ақпаратты алу үшін медиа сервер бағдарламасының нұсқаулығын оқып шығыңыз. Файлдарды теледидарда көру немесе ойнату үшін бұл бағдарлама компьютерде орнатылған болуы керек.

* Philips MediaManager бағдарламасын Philips қолдау көрсету сайтынан жүктеуге болады: www.philips.com/support

Қолдау көрсетілген мультимедиалық сервер бағдарламалық құралын шолу үшін,  **Keywords** (Кілтсөздер) түймесін басып, **Media server software, supported** (Мультимедиалық

сервер бағдарламалық құралы, қолдау көрсетілген) деп
іздеңіз.

Байланыстар

4.1

Байланыстар бойынша кеңестер

Байланыс мүмкіндігінің нұсқаулығы

Құрылғыны теледидарға әрқашан жоғары сапалы қосылыммен қосыңыз. Сондай-ақ, сурет пен дыбыстың жақсы тасымалдануын қамтамасыз ету үшін жоғары сапалы кабельдерді пайдаланыңыз.


Құрылғыны жалғаған кезде, теледидар оның түрін анықтайды және әр құрылғыға дұрыс түр атауын береді. Қаласаңыз, түр атауын өзгертуге болады. Құрылғыға дұрыс түр атауы берілсе, Sources (Көздер) мәзірінде осы құрылғыға ауысқан кезде, теледидар ыңғайлы теледидар параметрлеріне автоматты түрде ауысады.

Бірнеше құрылғыны теледидарға қосу үшін көмек керек болса, Philips TV қосылым мүмкіндігінің нұсқаулығына кіруіңізге болады. Нұсқаулық қосу жолы және пайдаланылатын кабельдер туралы ақпаратты ұсынады.

www.connectivityguide.philips.com торабына өтіңіз.

Антенна

Қосымша құрылғы (сандық ресивер) немесе тіркеуіш болса, антенна сигналы теледидарға кірместен бұрын оны приставка және/немесе тіркеуіш арқылы бірінші жүргізу үшін антенна кабельдерін қосыңыз. Осылайша, антенна және приставка мүмкін қосымша арналарды жазу үшін тіркеуішке жібере алады.




HDMI

HDMI CEC

HDMI қосылымының көрінісі мен дыбыс сапасы ең жақсы. Бір HDMI кабелі бейне және аудио сигналдарын біріктіреді. Ажыратылымдығы жоғары (HD) немесе Ultra HD (UHD) ТД сигналдары үшін HDMI кабелін пайдаланыңыз. Сигнал

тасымалдаудың сапасын жақсарту үшін жоғары жылдамдықты HDMI кабелін пайдаланыңыз және 5 м-ден ұзын HDMI кабелін пайдаланбаңыз.



EasyLink HDMI CEC

Егер құрылғыларыңыз HDMI көмегімен қосылса және оларды EasyLink болса, оларды теледидардың қашықтан басқару құралымен басқаруға болады. EasyLink HDMI CEC теледидарда және қосылған құрылғыда қосылуы керек. EasyLink функциясын пайдалану туралы қосымша ақпарат алу үшін **Keywords (Кілтсөздер)** түсті пернесін басып, **EasyLink CEC** деп іздеңіз.

DVI - HDMI

Құрылғыда DVI ұяшығы ғана болса, DVI-HDMI адаптерін пайдаланыңыз. HDMI ұяшықтарының біреуін пайдаланып, дыбыс үшін теледидардың артқы жағында Audio L/R кабелін (3,5 мм шағын қосқыш) Audio In ұяшығына жалғаңыз.

Көшіруден қорғау

DVI және HDMI кабельдерінде HDCP (жоғары өткізу мүмкіндігі бар сандық мазмұнды қорғау) мүмкіндігі бар. HDCP — DVD немесе Blu-ray дискілерінен мазмұнның көшірілуін болдырмайтын қорғау сигналы. DRM (сандық құқықтарды басқару) деп те аталады.

HDMI ARC

Теледидардағы барлық HDMI қосылымдарында **HDMI ARC** (Дыбысты қайтару арнасы) бар.


Егер құрылғыда да, әдетте үй кинотеатры жүйесінде (HTS), HDMI ARC қосылымы болса, оны осы теледидардағы HDMI ұяларының кез келгеніне қосыңыз. HDMI ARC ұясымен теледидар суретінің дыбысын HTS жүйесіне жіберетін сыртқы дыбыс кабелін қосудың қажеті жоқ. HDMI ARC ұяшығы екі сигналды біріктіреді.

Бұл теледидарда HTS жүйесіне қосу үшін кез келген HDMI байланысын пайдалануға болады, бірақ ARC сигналы бір уақытта тек 1 құрылғыда/байланыста қол жетімді болады.

DVI - HDMI

Егер сізде DVI қосылымы ғана бар құрылғы әлі де болса, құрылғыны **HDMI** ұясының кез келгеніне DVI - HDMI адаптері арқылы жалғаңыз.

Дыбыс L/R кабелін **AUDIO IN** ұясына жалғаңыз (3,5 мм шағын ұя).




Y Pb Pr

Y Pb Pr - Компоненттік бейне жоғары сапалы қосылым болып табылады.

YPbPr қосылымын ажыратымдылығы жоғары (HD) теледидар сигналдарына пайдалануға болады. Y, Pb және Pr сигналдарының жанына дыбысқа арналған Audio Left and Right (Сол жақ және оң жақ дыбыс) сигналдарын қосыңыз.

YPbPr (жасыл, көк, қызыл) коннекторының түстерін жалғаған кезде кабель ашаларымен сәйкестендіріңіз.


Құрылғыңызда да дыбыс болса, Audio L/R (cinch) кабелін пайдаланыңыз.



Scart

SCART - сапасы жақсы қосылым.


SCART қосылымын CVBS және RGB бейне сигналдарына пайдалануға болады, бірақ ажыратымдылығы жоғары (HD) теледидар сигналдарына қолдануға болмайды. SCART қосылымы бейне және дыбыс сигналдарын біріктіреді. Сондай-ақ, SCART қосылымы NTSC ойнатуын қолдайды.



Дыбыс шығысы - оптикалық

Дыбыс шығысы - оптикалық — жоғары сапалы дыбыс қосылымы.

Бұл оптикалық қосылым 5.1 аудио арналарын тасымалдайды. Құрылғыңызда, әдетте үй кинотеатры жүйесінде (HTS) HDMI ARC ұялары болмаса, осы қосылымды HTS жүйесінде «Дыбыс шығысы - оптикалық» қосылымымен пайдалануға болады. «Дыбыс шығысы - оптикалық» қосылымы дыбысты теледидардан HTS бейнесіне жібереді.



Үй кинотеатры жүйесінің дыбыс мүмкіндіктерін сәйкестендіру үшін дыбыс шығысы сигналының түрін көрсетуге болады.

Қосымша ақпарат алу үшін **Keywords (Кілтсөздер)** түймесін басып, **Audio Out settings (Дыбыс шығысы параметрлері)** деп іздеңіз.

Дыбыс экрандағы бейнеге сәйкес келмесе, дыбыс-бейне синхрондауын реттеуге болады.


Қосымша ақпарат алу үшін **Keywords (Кілтсөздер)** түймесін басып, **Audio to video sync (Дыбыс пен бейнені синхрондау)** деп іздеңіз.

4.2

EasyLink HDMI CEC

EasyLink

EasyLink арқылы теледидардың қашықтан басқару құралымен қосылған құрылғыны пайдалануға болады. EasyLink қосылған құрылғылармен байланысу үшін HDMI CEC (тұтынушылық электрониканы басқару) мүмкіндігін пайдаланады. Құрылғылар HDMI CEC сигналын қолдауы және HDMI қосылымы арқылы жалғануы тиіс.



EasyLink параметрлерін орнату

EasyLink мүмкіндігі теледидарда қосылып келеді. Қосылған EasyLink құрылғыларында барлық HDMI CEC параметрлері дұрыс орнатылғанын тексеріңіз. EasyLink басқа маркалы құрылғылармен жұмыс істемеуі мүмкін.

Басқа маркалардағы HDMI-CEC

HDMI-CEC функциясының аты әр компанияларда әртүрлі болады. Атттардың мысалдары: Anynet, Aquos Link, Bravia Theatre Sync, Kuro Link, Simplink және Viera Link. Бұл маркалардың барлығы EasyLink мүмкіндігімен үйлесімді бола бермейді.

Мысалы, HDMI CEC марка атаулары тиісті иелерінің жекеменшігі болып табылады.

Құрылғыларды басқару

HDMI ұяшығына қосылған құрылғыны пайдалану және EasyLink арқылы реттеу үшін теледидар қосылымдарының тізімінен құрылғыны -немесе оның әрекетін- таңдаңыз.

SOURCE түймесін басып, HDMI қосылымын ұяшығына қосылған құрылғыны таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

Құрылғыны таңдағаннан кейін теледидардың қашықтан басқару құралы құрылғыны басқара алады. Дегенмен және **OPTIONS** пернелері және де **Ambilight** сияқты басқа теледидар пернелері құрылғыға өтпейді.

Егер қажет перне теледидардың қашықтан басқару құралында болмаса, Options (Параметрлер) мәзірінде пернені таңдаңыз.

OPTIONS (ПАРАМЕТРЛЕР) тармағын басып, мәзір жолағында **Controls (Басқару элементтері)** тармағын таңдаңыз. Экранда қажет құрылғы пернесін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Кейбір өте айрықша құрылғы пернелері «Басқару элементтері» мәзірінде болмауы мүмкін.

Тек **EasyLink remote control (EasyLink арқылы қашықтан басқару)** функциясын қолдайтын құрылғылар теледидардың қашықтан басқару құралына жауап береді.

EasyLink параметрлері

Теледидарда EasyLink параметрлері қосылып келеді.

EasyLink

EasyLink параметрін толығымен өшіру үшін...

- 1 - түймесін басыңыз және (сол жақ) пернесін басыңыз.
- 2 - **General Settings (Жалпы параметрлер) > EasyLink** тармағын таңдап, бір қадам алға **EasyLink** түймесін басыңыз.
- 3 - **Off (Өшіру)** түймесін басыңыз.
- 4 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

EasyLink қашықтан басқару құралы

Құрылғыларды байланыстырғаннан кейін оларды теледидардың басқару құралымен пайдаланғыңыз келмесе, EasyLink қашықтан басқару құралын бөлек ажыратуға болады. «EasyLink параметрлері» мәзірінде **EasyLink қашықтан басқару құралы** тармағын, одан кейін **Өшірулі** мәнін таңдаңыз.

4.3

CI+ CAM смарт картамен

CI+

Бұл теледидар CI+ шартты кіру үшін дайын.

CI+ мүмкіндігімен аймағыңыздағы сандық теледидар операторлары ұсынатын фильмдер мен спорт сияқты ажыратымдылығы жоғары бағдарламаларды қарауға болады. Бұл бағдарламаларды теледидар операторы шифрлайды, алдын ала төленген CI+ модулімен шифры алынады. Үздік бағдарламаларына жазылған кезде, сандық теледидар операторлары CI+ модулін (шартты кіру модулі - CAM) және онымен бірге жүретін смарт картаны береді. Бұл бағдарламалардың көшіруден қорғау деңгейі жоғары.

Шарттар мен ережелері бойынша қосымша ақпарат алу үшін сандық теледидар операторына хабарласыңыз.



Бір смарт карта

Үздік бағдарламаларына жазылған кезде, сандық теледидар операторлары CI+ модулін (шартты кіру модулі - CAM) және онымен бірге жүретін смарт картаны береді.


Смарт картаны CAM модуліне енгізіңіз. Оператор ұсынған нұсқаулықты қараңыз.

CAM модулін теледидарға енгізу үшін...

- 1 - Дұрыс салу әдісін көру үшін CAM модулінен қараңыз. Дұрыс салынбаса, CAM мен теледидар зақымдалуы мүмкін.
- 2 - Теледидарға CAM модулінің алдыңғы жағы сізге қараған күйде қарап, CAM модулін **COMMON INTERFACE 1** ұясына мұқият енгізіңіз.
- 3 - CAM модулін кіргенше салыңыз. Оны ұяда қалдырыңыз.

Теледидарды қосқан кезде, CAM іске қосылуы бірнеше минут уақыт алады. CAM модулі енгізіліп, жазылым ақылары төленсе (жазылым әдістері әртүрлі болуы мүмкін), CAM смарт картасы қолдау көрсететін шифрланған арналарды қарай аласыз.

CAM модулі мен смарт карта арнайы теледидарыңызға арналған. CAM модулін алып тастасаңыз, CAM смарт картасы қолдау көрсететін шифрланған арналарды бұдан былай қарай аласыз.



Екі смарт карта

Кейбір сандық теледидар операторлары екінші CI+ модулі (CAM) мен смарт картаны ұсынуы мүмкін. Қосымша CAM модулі мен смарт карта бір арнаны қарап, сол теледидар операторынан басқа арнаны жазған кезде қажет болады.

Әр картамен бірдей арналарды қарай алсаңыз, екі картаның көру құқықтары бірдей болады. Картаның біреуінде қарауға болатын арналар саны аз болса, карталардың көру құқықтары бірдей емес.

Смарт карталардың көру құқықтары бірдей болса, ұяға салынатын карталардың айырмашылығы жоқ. Бір картаның көру құқықтары екіншісінен көп болса, **COMMON INTERFACE 1** ұясына көру құқықтары көп картаны енгізіңіз. **COMMON INTERFACE 2** ұясына көру құқықтары азырақ картаны салыңыз.

Смарт карталарды CAM модульдеріне енгізіңіз. Оператор ұсынған нұсқаулықты қараңыз.

CAM модулін теледидарға енгізу үшін...

- 1 - Дұрыс салу әдісін көру үшін CAM модулінен қараңыз. Дұрыс салынбаса, CAM мен теледидар зақымдалуы мүмкін.

2 - Теледидарға CAM модулінің алдыңғы жағы сізге қараған күйде қарап, CAM модулін ұяға мұқият енгізіңіз.

3 - CAM модулін кіргенше салыңыз. Оны ұяда қалдырыңыз.

Теледидарды қосқан кезде, CAM іске қосылуы бірнеше минут уақыт алады. CAM модулі енгізіліп, жазылым ақылары төленсе (жазылым әдістері әртүрлі болуы мүмкін), CAM смарт картасы қолдау көрсететін шифрланған арналарды қарай аласыз.

CAM модулі мен смарт карта арнайы теледидарыңызға арналған. CAM модулін алып тастасаңыз, CAM смарт картасы қолдау көрсететін шифрланған арналарды бұдан былай қарай аласыз.

Құпия сөздер немесе PIN кодтары

Кейбір CAM модульдерінің арналарын қарау үшін PIN кодын енгізу қажет. CAM модуліне PIN кодын орнатсаңыз, теледидарды құлыптан ашуға пайдаланылатын кодты қолдануға кеңес береміз.


CAM модуліне PIN кодын орнату үшін...

- 1 - **SOURCES** пернесін басыңыз.
- 2 - CAM модулін пайдаланатын арна түрін басыңыз: **Antenna TV (Антенна: ТД)**, **Cable TV (Кабельдік теледидар)** немесе **Satellite TV (Жерсеріктік теледидар)**.
- 3 - **OPTIONS** пернесін, кейін **Common Interface (Жалпы интерфейс)** түймесін басыңыз.
- 4 - CAM теледидар операторын басыңыз. Келесі терезелер теледидар операторынан келеді. PIN коды параметрін іздеңіз.

4.4

Теледидардың абоненттік қосымшасы - STB

Антеннаны теледидардың абоненттік қосымшасына (сандық қабылдағыш) және теледидарға жалғау үшін екі антеннаны пайдаланыңыз.




Антенна қосылымдарының жанында приставканы теледидарға қосу үшін HDMI кабелін қосыңыз. Бұған қосымша, приставкада HDMI қосылымы болмаса, SCART кабелін пайдалануға болады.

Жерсерік ресивері

Тарелка антеннасының кабелін спутниктік қабылдағышқа жалғаңыз.

Антенна қосылымдарының жанында құрылғыны теледидарға қосу үшін HDMI кабелін қосыңыз. Сонымен қатар, Егер құрылғыда HDMI байланысы болмаса, SCART кабелін пайдалануға болады.



Таймерді өшіру

Тек теледидардың абоненттік қосымшасының қашықтан басқару құралын пайдаланып отырған болсаңыз, автотаймерді өшіріңіз. Теледидардың қашықтан басқару құралында ешбір перне 4 сағат бойы басылмағандықтан, теледидардың автоматты түрде өшуін болдырмау үшін осы таймерді өшіріңіз.

Қосымша ақпарат алу үшін **Help (Анықтама)** тармағындағы **Keywords (Кілтсөздер)** түсті пернесін басып, **Switch Off Timer (Таймерді өшіру)** деп іздеңіз.

Үй кинотеатры жүйесі — HTS


HDMI ARC арқылы қосылу

Үй кинотеатрының жүйесін (HTS) теледидарға қосу үшін HDMI кабелін пайдаланыңыз. Philips Дыбыс жолағын немесе HTS жүйесін ішіне орнатылған диск ойнатқышымен қосуға болады.

HDMI ARC

Егер үй кинотеатры жүйесінде HDMI ARC ұяшығы болса, қосу үшін теледидардағы кез келген HDMI ұяшығын пайдалануға болады. HDMI ARC болса, қосымша дыбыстық кабельді қосу қажет емес. HDMI ARC ұяшығы екі сигналды біріктіреді.

Теледидардағы барлық HDMI қосылымдары дыбысты қайтару арнасының (ARC) сигналын ұсына алады. Бірақ үй кинотеатры жүйесіне қосылғаннан кейін теледидар ARC сигналын тек осы HDMI қосылымына жібере алады.



Дыбыс - бейне қадамдастыруы


Егер дыбыс экрандағы бейнеге сәйкес болмаса, диск ойнатқышы бар үй кинотеатры жүйелерінің көпшілігінде кідірісті дыбыс бейнеге сай болатындай орнатуға болады.

Қосымша ақпарат алу үшін **Keywords (Кілтсөздер)** түсті пернесін басып, **Audio to video sync (Дыбыс пен бейнені синхрондау)** деп іздеңіз.

HDMI арқылы қосылу

Үй кинотеатрының жүйесін (HTS) теледидарға қосу үшін HDMI кабелін пайдаланыңыз. Philips Дыбыс жолағын немесе HTS жүйесін ішіне орнатылған диск ойнатқышымен қосуға болады.

Егер үй кинотеатрының жүйесінде HDMI ARC ұяшығы болмаса, теледидардағы сурет дыбысын үй кинотеатрының жүйесіне жіберу үшін оптикалық дыбыс кабелін (Toslink) қосыңыз.



Дыбыс - бейне қадамдастыруы

Егер дыбыс экрандағы бейнеге сәйкес болмаса, диск ойнатқышы бар үй кинотеатры жүйелерінің көпшілігінде кідірісті дыбыс бейнеге сай болатындай орнатуға болады.

Қосымша ақпарат алу үшін **Keywords (Кілтсөздер)** түсті пернесін басып, **Audio to video sync (Дыбыс пен бейнені синхрондау)** деп іздеңіз.

Дыбыс шығысының параметрлері

Дыбыс шығысын кідірту

Үй кинотеатры жүйесі (HTS) теледидарға қосылып тұрғанда теледидардағы сурет және HTS жүйесіндегі дыбыс синхрондалуы керек.

Дыбысты автоматты түрде бейнеге қадамдастыру

Соңғы Philips үй кинотеатрының жүйелерінде дыбыс пен бейне автоматты түрде синхрондалады әрі әрдайым дұрыс болады.

Дыбыс қадамдастырылуының кешігуі

Кейбір үй кинотеатрының жүйелерінде дыбыс пен бейнені синхрондау үшін, дыбыс синхрондалуының кешігуін реттеу қажет болуы мүмкін. Үй кинотеатрының жүйесінде сурет пен дыбыс арасында сәйкестік болғанша, кідірту уақытын арттырыңыз. 180 мс кідірту уақыты қажет болуы мүмкін. Үй кинотеатры жүйесінің пайдаланушы нұсқаулығын оқыңыз. Үй кинотеатрының жүйесінде кідірту уақытын орнатқанда теледидардың Audio Out Delay (Дыбыс шығысын кідірту) мүмкіндігін ажырату қажет.

Audio Out Delay (Дыбыс шығысын кідірту) мүмкіндігін өшіру үшін...

- 1 - **Settings** түймесін басыңыз және ☐ (сол жақ) пернесін басыңыз.
- 2 - **Sound (Дыбыс) > Advanced (Кеңейтілген)** тармағын таңдап, **Audio Out Delay (Дыбыс шығысын кідірту)** түймесін басыңыз.
- 3 - **Off (Өшіру)** түймесін басыңыз.
- 4 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

Дыбыс шығысын бітеу

Үй кинотеатрының жүйесінде кідіртуді орната алмаған болсаңыз, теледидарды дыбысты синхрондайтын етіп орнатуға болады. Теледидар суретінің дыбысын өңдеу үшін үй кинотеатрының жүйесіне қажет уақытты қамтамасыз ететін бітеуді орнатуға болады. 5 мс-тық қадамдармен мәнді орнатуға болады. Ең жоғары орнату уақыты - 60 мс.

Audio Out Delay (Дыбыс шығысын кідірту) параметрі қосылуы болуы тиіс.

Теледидар дыбысын синхрондау үшін...

- 1 - **Settings** түймесін басыңыз және ☐ (сол жақ) пернесін басыңыз.
- 2 - **Sound (Дыбыс) > Advanced (Кеңейтілген)** тармағын таңдап, **Audio Out Offset (Дыбыс шығысының ауытқуы)** түймесін басыңыз.
- 3 - Жүгірткіні пайдаланып, дыбыс ауытқуын орнатып, **OK** түймесін басыңыз.
- 4 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

Дыбыс шығысының пішімі

Үй кинотеатрының жүйесінде Dolby Digital, DTS® немесе соған ұқсас көп арналы дыбысты өңдеу мүмкіндігі бар болса, «Сандық дыбыс шығысы пішімі» параметрін «Көп арналы» мәніне қойыңыз. Көп арналы мүмкіндігімен теледидар қысылған көп арналы дыбыс сигналын телеарнадан немесе жалғанған ойнатқыштан үй кинотеатрының жүйесіне жібере алады. Үй кинотеатрының жүйесінде көп арналы дыбыс өңдеу мүмкіндігі болмаса, «Стереo» опциясын таңдаңыз.

Дыбыс шығысының пішімін реттеу үшін...

- 1 - **Settings** түймесін басыңыз және ☐ (сол жақ) пернесін басыңыз.
- 2 - **Sound (Дыбыс) > Advanced (Кеңейтілген)** тармағын таңдап, **Audio Out Format (Дыбыс шығысының пішімі)** түймесін басыңыз.
- 3 - **Multichannel (Көп арналы)** немесе **Stereo (Стереo)** түймесін басыңыз.
- 4 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

Дыбыс шығысын реттеу

Бірінен екіншісіне ауысқанда теледидар мен үй кинотеатры жүйесінің дыбыс деңгейін (қаттылығын) теңеу үшін Audio Out Levelling (Дыбыс шығысын реттеу) параметрін пайдаланыңыз. Дыбыс айырмашылықтары дыбыс өңдеудегі айырмашылықтардан туындайды.

Дыбыс айырмашылықтарын реттеу үшін...

- 1 - **Settings** түймесін басыңыз және ☐ (сол жақ) пернесін басыңыз.

2 - **Sound (Дыбыс) > Advanced (Кеңейтілген)** тармағын таңдап, **Audio Out Levelling (Дыбыс шығысын реттеу)** түймесін басыңыз.

3 - Дыбыс деңгейінің айырмашылығы үлкен болса, **More (Көбірек)** параметрін таңдаңыз. Егер дыбыс деңгейінің айырмашылығы аз болса, **Less (Азырақ)** параметрін таңдаңыз.

4 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін **↩ BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

Дыбыс шығысын теңеу дыбыс шығысы — оптикалық және HDMI-ARC дыбыс сигналдарының екеуіне де әсер етеді.

HTS дыбысында мәселелер бар

Қатты шуы бар дыбыс

Бейнені қосылған USB жад құрылғысынан немесе қосылған компьютерден көрсеңіз, үй кинотеатры жүйесінің дыбысы бұрмалануы мүмкін. Бұл шу дыбыс немесе бейне файлында DTS дыбысы болғанда, бірақ үй кинотеатры жүйесінде DTS дыбыс өңдеуі болмаған кезде шығады. Мұны теледидардың **Audio Out Format (Дыбыс шығысының пішімі)** параметрін **Stereo (Стерео)** мәніне орнату арқылы түзете аласыз.

⚙ түймесін басып, **Setup (Орнату) > Sound (Дыбыс) > Advanced (Кеңейтілген) > Audio Out Format (Дыбыс шығысының пішімі)** тармағын таңдаңыз.


Дыбыс жоқ

Үй кинотеатры жүйесінде теледидардың дыбысын ести алмасаңыз, Үй кинотеатры жүйесінде HDMI кабелін **HDMI ARC** ұясына жалғағаныңызды тексеріңіз. Теледидардағы барлық HDMI ұялары HDMI ARC ұялары болып табылады.

4.7

Blu-ray диск ойнатқышы

Blu-ray диск ойнатқышын теледидарға жалғау үшін **жоғары жылдамдықты HDMI** кабелін пайдаланыңыз.



Blu-ray диск ойнатқышында EasyLink HDMI CEC болса, ойнатқышты теледидардың қашықтан басқару құралымен пайдалануға болады.


Қосымша ақпарат алу үшін **Help (Анықтама)** тармағындағы **Keywords (Кілтсөздер)** түсті пернесін басып, **EasyLink HDMI CEC** деп іздеңіз.

4.8

DVD ойнатқышы

DVD ойнатқышын теледидарға жалғау үшін HDMI кабелін пайдаланыңыз.

Не болмаса, егер құрылғыда HDMI қосылымы болмаса, SCART кабелін пайдалануға болады.



DVD ойнатқышы HDMI кабелімен жалғанып, онда EasyLink CEC болса, ойнатқышты теледидардың қашықтан басқару құралымен басқаруға болады.


EasyLink туралы қосымша ақпарат алу үшін **Keywords (Кілтсөздер)** түсті пернесін басып, **EasyLink HDMI CEC** деп іздеңіз.

4.9

Ойын консолі


HDMI

Ең жақсы сапа үшін ойын консолін жылдамдығы жоғары HDMI кабелінің көмегімен теледидарға қосыңыз.



YPbPr


Ойын приставкасын компоненттік бейне кабель (Y Pb Pr) және дыбыстық L/R кабелінің көмегімен теледидарға жалғаңыз.



Бейне-дыбыс LR / Scart

Ойын консолін композиттік кабель (CVBS) және теледидарға арналған дыбыстық L/R кабелінің көмегімен теледидарға қосыңыз.

Ойын консолінде тек Video (CVBS) және Audio L/R шығысы болса, SCART адаптеріне (жеке сатылады) қосу үшін Video Audio L/R - SCART адаптерін пайдаланыңыз.



4.10

Джойстик

Джойстикті қосу

Интернет ойындарын осы теледидардан ойнау үшін сымсыз джойстиктердің белгілі бір ауқымын қоса аласыз. Джойстикті қосқан кезде оны бірден пайдалануға болады.


Джойстикті қосу үшін...

1 - Теледидардың бүйіріндегі USB ұяларының біріне шағын нано-қабылдағышты жалғаңыз. Сымсыз нано-қабылдағыш джойстикпен келеді.

2 - Джойстик қосұлы болса, оны пайдалануға болады.

Теледидардың бүйіріндегі екінші USB ұясына екінші джойстикті жалғауға болады.

Джойстикті мензерді басқару үшін де пайдалануға болады.



Үйлесімді джойстиктер

Сымсыз джойстиктердің белгілі бір ауқымы осы теледидармен пайдалануға сәйкес келеді және сынақтан өткізілді. Басқа джойстиктер толық сәйкес келмеуі мүмкін.

Үйлесімді джойстиктер...

- Logitech F710
- Logitech F510
- Windows жүйесіне арналған Xbox 360 сымсыз контроллері
- Speedlink Strike FX сымсыз джойстигі

Кедергі мәселелері

Теледидардың басқа сымсыз құрылғылармен ықтимал кедергілерін шешу үшін...

- USB ұзартқыш сымын пайдаланып, нано-қабылдағышты теледидардан 1 метр алысқа жылжытыңыз.
- Не болмаса, теледидарға жалғанған USB хабын пайдалануға және USB хабындағы нано-қабылдағышты жалғауға болады.

4.11

USB қатты дискісі

Сізге не қажет

USB қатты дискісін жалғасаңыз, теледидардың хабар таратылымын уақытша тоқтатуға немесе жазуға болады. Теледидардың хабар таратылымы сандық хабар таратылымы (DVB хабар таратылымы немесе ұқсас) болуы тиіс.

Кідірту

Таратылымды кідірту үшін сізге кемінде 32 ГБ қатты диск бос орны бар USB 2.0 портымен үйлесімді қатты диск қажет.

Жазу

Таратылымды кідірту және жазу үшін, кемінде 250 ГБ бос орын қажет. Таратылымды интернеттегі теледидар нұсқаулығының деректерімен жазғыңыз келсе, USB қатты дискісін орнатпас бұрын теледидарға интернет байланысын орнатуыңыз қажет.

USB қатты дискісін орнату әдісі туралы қосымша ақпарат алу үшін **Keywords (Кілтсөздер)** түсті пернесін басып, **USB**

Hard Drive, installation (USB қатты дискісі, орнату) деп іздеңіз.

Орнату

Таратылымды кідірту немесе жазу алдында USB қатты дискісін қосу және пішімдеу қажет. Пішімдеген кезде USB қатты дискісіндегі барлық файлдар жойылады.


1 - USB қатты дискісін теледидардағы **USB** қосылымдарының біреуіне қосыңыз. Пішімдеу кезінде басқа USB құрылғысын екінші USB порттарына қоспаңыз.

2 - USB қатты дискісі мен теледидарды қосыңыз.

3 - Теледидар сандық теледидар арнасына реттелген болса, **II** (Pause (Кідірту)) түймесін басыңыз. Кідірту әрекеті пішімдеуді бастайды.

Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

USB қатты дискісі пішімделгеннен кейін тұрақты жалғанып тұра берсін.



Ескерту

USB қатты дискісі осы теледидар үшін арнайы пішімделген, ондағы жазбаларды басқа теледидарда немесе компьютерде қолдану мүмкін емес. USB қатты дискісіндегі жазба файлдарын ешбір компьютер бағдарламасымен көшіруге немесе өзгертуге болмайды. Әйтпесе, жазбалар бүлінеді. Басқа USB қатты дискісін пішімдеген кезде оның мазмұны жоғалады. Теледидарда орнатылған USB қатты дискісін компьютерде пайдалану үшін қайта пішімдеу керек.

Қосымша ақпарат алу үшін **Keywords (Кілтсөздер)** түсті пернесін басып, **Pause TV (Теледидарды кідірту)** немесе **Recording (Жазу)** деп іздеңіз.

4.12

USB пернетақтасы немесе тінтуірі

USB пернетақтасы

Пернетақтаны орнату

Теледидарда мәтін енгізу үшін USB пернетақтасын (USB-HID түріндегі) қосыңыз.

Теледидарға пернетақта және тінтуір қосуға болады. Қосу үшін **USB** қосылымдарының біреуін пайдаланыңыз.



Пернетақтаны орнату

USB пернетақтасын орнату үшін теледидарды қосыңыз және USB пернетақтасын теледидардағы **USB** қосылымдарының біреуіне қосыңыз. Теледидар пернетақтаны бірінші рет анықтағанда пернетақта орналасуын таңдауға және таңдауды сынақтан өткізуге болады. Алдымен **Cyrillic** (кириллица) немесе **Greek** (грек) пернетақта орналасуын таңдасаңыз, қосымша латын пернетақта орналасуын таңдай аласыз.

Орналасу таңдалған кезде пернетақта орналасуын өзгерту үшін...

1 - **Settings** түймесін басыңыз және **Language** үшін **Language** (сол жақ) пернесін басыңыз.

2 - Пернетақта орнатуды бастау үшін **General Settings (Жалпы параметрлер)** түймесін, кейін **USB Keyboard Settings (USB пернетақта параметрлері)** түймесін басыңыз.

Пернелер

Мәтін енгізуге арналған пернелер

- Enter пернесі = OK
- Backspace = курсор алдындағы таңбаны жою
- Көрсеткі пернелер = мәтін өрісінде шарлау
- Пернетақта орналасуларын ауыстыру үшін, қосалқы орналасу орнатылса, **Ctrl + Spacebar (Бос орын)** пернелерін бірге басыңыз.

Smart TV бағдарламалары мен интернеттердегі беттерге

арналған түймелер

- Tab және Shift + Tab = Келесі және алдыңғы
- Home = беттің жоғарғы жағына жылжу
- End = беттің төменгі жағына жылжу
- Page Up = бір бетке жоғары өту
- Page Down = бір бетке төмен өту
- + = бір қадам үлкейту
- - = бір қадам кішірейту
- * = веб-бетті экран еніне сәйкестендіру

USB тінтуірі

USB тінтуірін қосу

Теледидарды шарлау үшін USB тінтуірін (USB-HID түріндегі) қосуға болады.

Тінтуірді қосу

Теледидарды қосып, USB тінтуірін теледидардағы **USB** қосылымдарының біреуіне қосыңыз. Сондай-ақ, USB тінтуірін қосылған USB пернетақтасына қосуға болады.



Тінтуірді басу

- Сол жақ түймені басу = **OK**
- Оң жақ түймені басу = **Кері** ⬅

Беттерді жоғары не төмен жылжыту үшін, дөңгелек пернені пайдалана аласыз.

Пернетақтаны қосу жолы туралы қосымша ақпарат алу үшін **Keywords (Кілтсөздер)** түсті пернесін басып, **USB Keyboard (USB пернетақтасы)** деп іздеңіз.

Тінтуірдің жылдамдығы

Тінтуір жылдамдығын, тінтуірдің экранда жылжуын реттеуге болады.

Жылдамдықты реттеу үшін...

- 1 - **⚙** түймесін басыңыз және **◀** (сол жақ) **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 2 - **General Settings (Жалпы параметрлер) > Pointer/Mouse Speed (Меңзердің/тінтуірдің жылдамдығы)** тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
- 3 - Жылдамдықты арттыру немесе төмендету үшін **▲** (жоғары) немесе **▼** (төмен) көрсеткісін басыңыз.
- 4 - Реттелген жылдамдықты тексеру үшін көрсеткіні **▶** (оң) басып, тінтуірді жылжытыңыз.
- 5 - Жүгірткі жолағына оралу үшін **◀** (сол) көрсеткісін басыңыз. Параметрді қайта реттеуге болады.
- 6 - Осы параметрді сақтау және жабу үшін таңдалған жүгірткі жолағымен **◀** (сол) пернесін басыңыз.
- 7 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін **↩ BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

4.13

USB жад құрылғысы

Қосылған USB жад құрылғысынан суреттерді көруге немесе музыканы және бейнені ойнатуға болады.

Теледидар қосылып тұрғанда теледидардағы **USB** қосылымдарының біреуіне USB флеш жадын қосыңыз.



Теледидар жад құрылғысын анықтап, оның мазмұнын көрсететін тізімді ашады.

Мазмұн тізімі автоматты түрде пайда болмаса, **SOURCES** пернесін, одан кейін **USB** түймесін басыңыз.

USB флеш жадының мазмұнын қарауды тоқтату үшін **TV** түймесін басыңыз немесе басқа әрекетті таңдаңыз. USB жад құрылғысын ажырату үшін оны кез келген уақытта суырып алуға болады.

USB құралындағы Ultra HD

Қосылған USB құрылғысы не жад құрылғысынан фотосуреттерді Ultra HD ажыратылымдықта көре аласыз. Егер суреттің ажыратылымдығы жоғары болса, теледидар оны Ultra HD ажыратылымдығына дейін төмендетеді. Түпнұсқалық Ultra HD бейнелерін USB байланыстарынан ойната алмайсыз.

USB флеш жадынан мазмұн көру немесе ойнату туралы қосымша ақпарат алу үшін **Keywords (Кілтсөздер)** түсті пернесін басып, **Photos, Videos and Music (Фотосуреттер, бейнелер және музыка)** деп іздеңіз.

4.14

Фотокамера

Сандық фотокамерада сақталған фотосуреттерді көру үшін фотокамераны теледидарға тікелей жалғауға болады.

Қосу үшін теледидардағы **USB** қосылымдарының біреуін пайдаланыңыз. Қосылымды орнатқаннан кейін камераны қосыңыз.



Мазмұн тізімі автоматты пайда болмаса, **SOURCES**

пернесін, кейін **USB** түймесін басыңыз.
Фотокамераны мазмұнын PTP (сурет тасымалдау протоколы) арқылы тасымалдауға реттеу қажет болуы мүмкін. Сандық фотокамераның пайдаланушы нұсқаулығын оқыңыз.


USB құралындағы Ultra HD

Қосылған USB құрылғысы не жад құрылғысынан фотосуреттерді Ultra HD ажыратылымдықта көре аласыз. Егер суреттің ажыратылымдығы жоғары болса, теледидар оны Ultra HD ажыратылымдығына дейін төмендетеді. Түпнұсқалық Ultra HD бейнелерін USB байланыстарынан ойната алмайсыз.

Фотосуреттерді көру туралы қосымша ақпарат алу үшін **Keywords (Кілтсөздер)** түсті пернесін басып, **Photos, Videos and Music (Фотосуреттер, бейнелер және музыка)** деп іздеңіз.

USB құралындағы Ultra HD

Қосылған USB құрылғысы не жад құрылғысынан фотосуреттерді Ultra HD ажыратылымдықта көре аласыз. Егер суреттің ажыратылымдығы жоғары болса, теледидар оны Ultra HD ажыратылымдығына дейін төмендетеді. Түпнұсқалық Ultra HD бейнелерін USB байланыстарынан ойната алмайсыз.



4.16


Компьютер

Жалғау

Компьютерді теледидарға қосып, теледидарды компьютер монитори ретінде қолдануға болады.

HDMI арқылы

Компьютерді теледидарға жалғау үшін, HDMI кабелін пайдаланыңыз.




4.15

Бейне камера

HDMI

Жақсырақ сапа алу мақсатында бейнекамераны теледидарға қосу үшін HDMI кабелін пайдаланыңыз.




Бейне-дыбыс LR / Scart

Бейнекамераны қосу үшін HDMI, YPbPr немесе SCART қосылымын пайдалануыңызға болады. Бейнекамерада тек Video (CVBS) және Audio L/R шығысы болса, SCART адаптеріне (жеке сатылады) қосу үшін Video Audio L/R - SCART адаптерін пайдаланыңыз.

DVI - HDMI арқылы

Не болмаса, компьютерді HDMI ұяшығына жалғау үшін DVI - HDMI адаптерін (жеке сатылады) және теледидардың артындағы AUDIO IN L/R ұяшығына жалғау үшін дыбыс L/R кабелін (3,5 мм шағын ұяшық) пайдаланыңыз.






Параметрлер

Компьютер Sources (Көздер) мәзірінде (қосылымдар тізімі) Computer (Компьютер) түріндегі құрылғы ретінде қосылған болса, теледидар ең қолайлы компьютер параметріне автоматты түрде орнатылады.

Компьютерді бейнефильм қарау немесе ойын ойнау үшін қолдансаңыз, теледидарды ең қолайлы Теледидар қарау немесе ойын ойнау параметріне қайтаруды қалауыңыз мүмкін.


Теледидарды ыңғайлы параметрге қолмен реттеу үшін...

- 1 -  түймесін басыңыз және  (сол жақ) пернесін басыңыз.
- 2 - **Picture (Сурет) > Advanced (Кеңейтілген)** тармағын таңдап, **Game or Computer (Ойын немесе компьютер)** түймесін басыңыз.
- 3 - (Ойын үшін) **Game (Ойын)** түймесін немесе (фильм көру үшін) **Computer (Компьютер)** түймесін басыңыз.
- 4 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін  **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.




Ойынды ойнауды тоқтатқанда Game (Ойын) немесе Computer (Компьютер) параметрін қайтадан **Computer (Компьютер)** деп орнатуды ұмытпаңыз.


4.17

Құлақаспап

Құлақаспаптар жинағын теледидардың артқы бөлігіндегі  байланысына жалғаңыз. Байланыс — 3,5 мм шағын ұя. Құлақаспаптардың дыбыс деңгейін бөлек реттеуге болады.

Дыбыс деңгейін реттеу үшін...

- 1 -  түймесін басыңыз және  (сол жақ) **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 2 - Мәнін реттеу үшін **Sound (Дыбыс) > Headphones Volume (Құлақаспап дыбыс деңгейі)** тармағын таңдап, жүгірткі жолағының ішін басыңыз.
- 3 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін  **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.







4.18

Сымсыз дауыс зорайтқыш

Теледидар дыбысын сымсыз динамиктен ойнату үшін, сымсыз динамикті теледидармен жұптастыруға болады. 10 сымсыз динамикке дейін жалғауға болады, бірақ бір уақытта 1 сабвуферден немесе дыбыс жолағынан дыбысты ойнатуға болады. Сымсыз динамикті теледидардан 5 метр қашықтыққа орналастырыңыз.

Сымсыз динамикті теледидармен жұптастыру үшін...

- 1 - Сымсыз динамикті қосып, теледидар ауқымында қойыңыз. Жұптастыру және сымсыз ауқым туралы нақты ақпаратты алу үшін пайдаланушы нұсқаулығын оқыңыз.
- 2 -  түймесін басыңыз және  (сол жақ) пернесін басыңыз.
- 3 - **Sound (Дыбыс) > Wireless Speakers (Сымсыз динамиктер) > Add New Speaker (Жаңа динамик қосу)** тармағын басыңыз.
- 4 - Экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Құрылғыны теледидармен жұптайсыз және теледидар қосылымды сақтайды.
- 5 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін  **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

Сымсыз динамикті таңдау туралы қосымша ақпарат алу үшін,  **Keywords** түсті пернесін басып, **Wireless Speakers, select (Сымсыз динамиктер, таңдау)** деп іздеңіз.

Қосу және өшіру

5.1

Қосулы, Күту режимі немесе өшірулі

Теледидарды қоспас бұрын, теледидардың артқы жағындағы **POWER** коннекторына желі қуатын жалғанғаныңызды тексеріңіз.

Көрсеткіш шамы өшірулі кезде теледидарды күту режиміне қою үшін, теледидардың артқы жағындағы шағын джойстик пернесін басыңыз. Көрсеткіш жанады.



Теледидар күту режимінде болған кезде теледидарды қосу үшін, қашықтан басқару құралындағы түймесін басыңыз. Не болмаса, **HOME** пернесін басыңыз.

Күту режиміне кері ауыстыру

Теледидарды күту режиміне ауыстыру үшін қашықтан басқару құралында түймесін басыңыз.

Өшіру

Теледидарды өшіру үшін джойстик пернесін басыңыз. Көрсеткіш шамы өшеді.

Теледидар желі қуатына әлі жалғанған, бірақ өте аз энергия тұтынады.

Теледидарды толығымен өшіру үшін қуат ашасын суырыңыз. Қуаттан ажырату кезінде ашаны ұстап тартыңыз, ешқашан кабелінен тартпаңыз. Ашаға, қуат кабеліне және розеткаға әрдайым қолыңыз жететініне көз жеткізіңіз.

5.2

Philips логотипінің ашықтығы

Теледидардың алдыңғы жағындағы Philips логотипінің жарықтығын өшіруге немесе реттеуге болады.

Реттеу немесе өшіру үшін...

- 1 - түймесін басыңыз және (сол жақ) **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 2 - **General Settings (Жалпы параметрлер)** түймесін, одан кейін **Philips Logo Brightness (Philips логотипінің жарықтығы)** түймесін басыңыз.
- 3 - **Maximum (Ең көп)**, **Medium (Орташа)**, **Minimum (Ең аз)** опциясын таңдаңыз немесе логотиптің жарығын өшіру үшін **Off (Өшірулі)** түймесін басыңыз.

4 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.



5.3

Теледидардағы түймелер

Қашықтан басқару құралын жоғалтып алсаңыз немесе батареялары бос болса, кейбір негізгі теледидар операцияларын әлі де орындауға болады.

Негізгі мәзірді ашу үшін...

- 1 - Теледидар қосулы кезде негізгі мәзірді ашу үшін теледидардың артқы жағындағы джойстик пернесін басыңыз.
- 2 - **Volume (Дыбыс деңгейі)**, **Channel (Арна)** немесе **Sources (Көздер)** тармағын таңдау үшін, сол жағын немесе оң жағын басыңыз. Теледидар дүкен орнында болса, **Camera (Камера)** тармағын таңдауға да болады.
- 3 - Дыбыс деңгейін реттеу немесе келесі не алдыңғы арнаға өту үшін жоғары немесе төмен басыңыз. Көздер тізімі, оның ішінде тюнер таңдауы ішінде ауысу үшін жоғары немесе төмен басыңыз. Камерадан шығу үшін джойстик түймесін басыңыз.
- 4 - Мәзір автоматты түрде жоғалады.

Теледидарды өшіру үшін, **TV Off (Теледидарды өшіру)** тармағын таңдап, джойстик пернесін басыңыз.




5.4

Ұйқы таймері

Sleep Timer (Ұйқы таймерінің) көмегімен теледидарды белгіленген уақыт өткенде күту режиміне автоматты түрде өтетін етіп реттеуге болады.

Sleep Timer (Ұйқы таймерін) реттеу үшін...

- 1 - түймесін басыңыз және (сол жақ) **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 2 - **General Settings (Жалпы параметрлер)** > **Sleep Timer (Ұйқы таймері)** тармағын басыңыз. Жүгірткі жолағының көмегімен уақытта 5 минуттық қадамдармен 180 минутқа дейін орнатуға болады. Егер 0 минутқа орнатсаңыз, ұйқы

таймері өшіріледі. Әрқашан кері санақ кезінде теледидарды ертерек өшіруге болады немесе уақытты ысыруға болады.
3 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін  **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

5.5

Таймерді өшіру

Теледидар сигналды қабылдаса, 4 сағат ішінде қашықтан басқару құралындағы пернені баспасаңыз, теледидар энергияны үнемдеу үшін автоматты түрде өшеді. Сондай-ақ, теледидар сигналды не қашықтан басқару құралының перменін 10 минут ішінде қабылдаса, теледидар автоматты түрде өшеді.

Теледидарды монитор ретінде пайдаланып немесе теледидарды көру үшін сандық қабылдағышты (теледидардың абоненттік қосымшасы (STB)) қолданып, теледидардың қашықтан басқару құралын қолданбасаңыз, осы автоматты өшіру мүмкіндігін ажыратуыңыз қажет.

Өшіру таймерін ажырату үшін ...


1 -  түймесін, кейін **Eco Settings (Эко параметрлері)**


түймесін басыңыз.

2 - **Switch Off Timer (Өшіру таймері)** түймесін басыңыз.

Мәнді реттеу үшін жүгірткі жолағының ішін басыңыз. **0**

(Өшірулі) мәні автоматты өшіруді ажыратады.

Белсеңді кезде  белгішесі Switch Off Timer (Өшіру таймерінің) алдыңғы жағында көрсетіледі.


Қоршаған ортаға зиянды емес теледидар параметрлері туралы қосымша ақпарат алу үшін  **Keywords (Кілтсөздер)** түсті пернесін басып, **Eco Settings (Эко параметрлері)** деп іздеңіз.

Қашықтан басқару құралы

6.1

Түймелерге шолу

Үсті



1 - Standby (Күту режимі) / On (Қосулы)

Теледидарды қосады немесе қайтадан күту режиміне қайтарады.

2 - Playback and Record (Ойнату және жазу)

- Ойнату , ойнату үшін.
- Кідірту , ойнатуды кідірту үшін
- Тоқтату , ойнатуды тоқтату үшін
- Кері айналдыру , кері айналдыру үшін
- Жылдам алға айналдыру , жылдам алға айналдыру үшін
- Жазу , жазуды бастау үшін

3 - Ambilight

Ambilight шамдарын қосады немесе сөндіреді және күту режимінде Ambilight шамдарын қосады.

4 - TV GUIDE

Теледидар нұсқаулығын ашады немесе жабады.

5 - VOICE микрофоны

Settings (Параметрлер)

Settings (Параметрлер) мәзірін ашады.

7 - Picture format (Сурет пішімі)

Сурет пішімі мәзірін ашады немесе жабады.


8 - 3D

3D мәзірін ашады немесе 3D режиміне тікелей ауысады.

9 - VOICE

Дыбыс кірісі арқылы іздеу сұрауын бастайды.

Ортасы



1 - HOME

Home (Басты) мәзірін ашады.

2 - SOURCES

Sources (Көздер) мәзірін ашады.

3 - Colour keys (Түсті пернелер) Параметрлерді тікелей таңдау. Көк түйме , Help (Анықтама) тармағын ашады.

4 - INFO

Бағдарлама туралы ақпаратты ашады немесе жабады.

5 - BACK

Алдыңғы таңдалған арнаға қайта ауыстырады.

Параметрді өзгертпей мәзірді жабады.

Алдыңғы App/Internet (Қолданба/интернет) бетіне қайтарады.

6 - - EXIT

Теледидарды қарауға кері ауысады. Интерактивті теледидар қолданбасынан шығады.

7 - OPTIONS

Options (Опциялар) мәзірін ашады немесе жабады.

8 - OK түймесі

Таңдауды немесе параметрді растайды. Меңзерді белсендіреді және басады.

9 - Көрсеткі/ шарлау пернелері

Жоғары, төмен, солға немесе оңға жылжытады.

10 - MULTIVIEW

Қосымша шағын экранды ашады.

Асты



1 - Volume

Дыбыс деңгейін реттейді.

2 - Number keys (Сан пернелері)

Арнаны тікелей таңдайды.

3 - SUBTITLE

Субтитрлерді қосады, өшіреді немесе үнсіз күйде қосады.

4 - LIST

Арналар тізімін ашады немесе жабады.

5 - Channel (Арна)

Арналар тізіміндегі келесі не алдыңғы арнаға ауыстырады. Мәтінде/телемәтінде келесі немесе алдыңғы бетті ашады. Дискіде келесі немесе алдыңғы тарауды бастайды.

6 - Mute

Дыбысты өшіреді немесе қалпына келтіреді.

7 - TEXT

Мәтінді/телемәтінді ашады немесе жабады.

6.2

Көрсеткіш

Меңзер туралы

Экранды көрсеткі пернелері арқылы шарлаудың орнына **меңзерді** пайдалануыңызға болады.

Меңзер компьютер тінтуірі сияқты жұмыс істейді. Қашықтан басқару құралын баяу жылжыту арқылы меңзерді — көк көрсеткіні жылжытасыз. Компьютер тінтуіріндегідей меңзер жылдамдығын реттеуге болады.

Таңдау жасау үшін меңзер жанындағы көрсеткі пернелерін әрқашан пайдалануға болады, меңзер уақытша жоғалады. Text/Teletext (Мәтін/телемәтін) сияқты кейбір бағдарламалар немесе кейбір интернет беттері меңзерді қолдамайды. Теледидар шарлауға арналған көрсеткі пернелеріне автоматты түрде ауысады.

Меңзерді пайдаланғыңыз келмесе, оны өшіруге болады.

Джойстикті жалғасаңыз, оны меңзерді басқару үшін де пайдалануға болады.

Меңзерді пайдалану

Іске қосу

Меңзер басқаруын қолдайтын экранды немесе бағдарламаны ашқан кезде, белсенді емес меңзер пайда болады. Экранның ортаңғы жағында сұр түсті

Меңзерді белсендіру үшін бас бармағыңызды **OK** пернесіне қойыңыз — оны баспаңыз. Енді қашықтан басқару құралын білегіңізден жылжытыңыз, қолыңызды жылжытудың қажеті жоқ. OK пернесін жіберуге және меңзерді сол жерде қалдыруға болады. Меңзер 5 секундтан кейін жоғалады. Бас бармағыңызды OK пернесіне қайта қойған кезде қашықтан басқару құралын жылжытуға және меңзерді шығаруға болады.

Меңзерді белсендіру үшін, бас бармағыңызды **OK** пернесіне қойып, қашықтан басқару құралын қысқа ғана сілкіңіз.

Басу

Қажетті нәрсені таңдау үшін, меңзерді элементтің үстіне қойып, **OK** пернесін басыңыз. Компьютер тінтуірі сияқты. **Colour Keys (Түсті пернелер)**, **INFO** және **OPTIONS** үшін қашықтан басқару құралындағы пернелерді бәрібір басу қажет.

Меңзерді пайдаланған кезде пернені басу үшін...

1 - Меңзерді экрандағы элементтің үстіне, мысалы Channel List (арналар тізіміндегі) арнаға қойыңыз.

2 - Меңзерді сол орында қалдыру үшін бас бармағыңызды көтеріңіз.

3 - Қажетті түсті пернені басыңыз.

4 - Меңзерді пайдалануды жалғастыру үшін бас бармағыңызды OK пернесіне қайта қойыңыз.

Көрсеткімен шарлау

Шарлау үшін көрсеткі пернесін (сол, оң, жоғары немесе төмен) бассыз, меңзер жоғалады. Теледидар көрсеткі пернесімен шарлауға ауысады. Меңзерді белсендіру үшін, бас бармағыңызды **OK** пернесіне қойып, қашықтан басқару құралын қысқа ғана сілкіңіз.









Орнын өзгерту

Меңзер біраздан кейін бағытын өзгертуі мүмкін. Меңзердің орнын өзгерту үшін, бас бармағыңызды көтеріңіз, қашықтан басқару құралын экрандағы көк көрсеткіге қойып, бас бармағыңызды **OK** пернесіне қайта қойыңыз.

Меңзер жылдамдығы




Меңзердің жылдамдығын, меңзердің экранда жылжу жылдамдығын реттеуге болады.

Жылдамдықты реттеу үшін...

- 1 -  түймесін басыңыз және  (сол жақ) **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 2 - **General Settings (Жалпы параметрлер) > Pointer/Mouse Speed (Меңзердің/тінтуірдің жылдамдығы)** тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
- 3 - Жылдамдықты арттыру немесе төмендету үшін  (жоғары) немесе  (төмен) көрсеткісін басыңыз.
- 4 - Реттелген жылдамдықты тексеру үшін көрсеткіні  (оң) басыңыз. Меңзердің жылдамдығын тексеру үшін бас бармағыңызды **OK** пернесіне қойыңыз.
- 5 - Жүгірткі жолағына оралу үшін  (сол) көрсеткісін басыңыз. Параметрді қайта реттеуге болады.
- 6 - Осы параметрді сақтау және жабу үшін таңдалған жүгірткі жолағымен  (сол) пернесін басыңыз.
- 7 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін  **BACK** пернесін қайта қайта басыңыз.

Меңзерді ажырату

Меңзерді ажырату үшін...

- 1 -  түймесін басыңыз және  (сол жақ) **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 2 - **General Settings (Жалпы параметрлер) > Remote Control Pointer (Қашықтан басқару құралының меңзері)** тармағын таңдап, **Off (Өшірулі)** күйін таңдаңыз.
- 3 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін  **BACK** пернесін қайта қайта басыңыз.

6.3

Қашықтан басқару құралы, микрофон

Дауысты пайдалану

Google қолдау мүмкіндіктерін өзгерткендіктен, «Дауыспен іздеу» мүмкіндігі енді Philips Android TV теледидарында қолданылмайды. Осы себептен біз әрі қарай «Дауыспен іздеу» мүмкіндігі теледидарыңызда еш кедергісіз жұмыс істейтініне кепілдік бере алмаймыз. Қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз және қашықтан басқару пернетақтасы арқылы «Іздеу» әрекетін орындауға кеңес береміз.



Шыдамдылық және түсіністік танытқаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз.




Дауыс арқылы қашықтан басқару құралына жай ғана сөйлеу

арқылы теледидарды басқаруға болады. Теледидардың интернетке қосылуы қажет.

Белгілі бір арнаға реттеу немесе теледидар нұсқаулығынан жүріп жатқан бағдарламаны қарауды бастау үшін теледидарға сөйлеуге болады. Интернеттен кез келген нәрсені іздеу үшін Voice (Дауыс) мүмкіндігін кез келген уақытта пайдалануға болады. Не болмаса, бағдарламаның атауын айтып, теледидардан іске қосуға болады.

Теледидарды Voice (Дауыс) мүмкіндігімен басқару үшін...

- 1 -  **VOICE** пернесін басыңыз.
- 2 - Алдымен пәрменді, сосын қажетті нәрсені айтыңыз. Микрофон өшкенге дейін 10 секунд сөйлей аласыз. Пәрменді қайталау үшін  **VOICE** пернесін әрқашан басуға болады. Теледидар пәрменді анықтауға тырысады.

 **VOICE** пернесін алғаш рет басқан және Дауыс мүмкіндігін қолданып көргенде, Дауыс параметрін қолданатын Анықтама беті ашылады. Дауысты қолдану жолын оқып шығыңыз.  **VOICE** түймесін қайтадан басуға және оны дереу қолданып көруге болады. Анықта параметрін жабу үшін  **Back** пернесін басыңыз.

Дауыс мүмкіндігі Skype қоңырауы кезінде қолжетімді емес.

Дауыс пәрмендері

Voice (Дауыс) мүмкіндігінің айтқаныңызды жақсырақ түсінуіне көмектесу үшін, осы пәрмендерді пайдалануға болады.

WATCH, [мысалы, «Маппет-шоуды қарау» деп айтыңыз] - Теледидар осы теледидар бағдарламасын іздеп, дұрыс арнаға ауысуға тырысады.

CHANNEL, [мысалы, «BBC1 арнасы» деп айтыңыз] - Теледидар осы арнаны іздеп, оған ауысуға тырысады.

PLAY, [мысалы, «Jingle Bells ойнату»] - Теледидар музыка жиынтығынан осы әнді іздеп, оны ойнатуға тырысады.

SEARCH, [мысалы, «Хоббит фильмін іздеу» деп айтыңыз] - Теледидар осы мультимедианы іздеп, іздеу нәтижелерін көрсетеді.

GOOGLE, [мысалы, «google қызметінен фонд биржасын іздеу» деп айтыңыз] - Теледидар интернеттен іздеп, google іздеу нәтижелерін көрсетеді.

GO TO, [мысалы, «Philips.com сайтына өту» деп айтыңыз] - Теледидар Philips веб-сайтын ашуға тырысады.

OPEN, [мысалы, «Skype ашу» деп айтыңыз] - Теледидар Skype желісін ашуға тырысады.

Осы пәрмендерді орындау үшін, теледидар іздеген нәрсеңізге жетуге тырысуыңыз қажет. Арналар орнатылып, мультимедиа ортақ пайдалану үшін реттелуі қажет. Жалғанған құрылғылар қосылуы болуы қажет. Теледидар интернетке қосылуы қажет.

Пернетақта

Шолу

Qwerty және Azerty

Qwerty/Azerty пернетақтасына шолу.*



1 - Azerty character (Azerty таңбалары)

Пернетақта орналасуы AZERTY деп орнатылған кездегі таңбаның орны.

2 - ⬆Aa Shift (Ауыстыру)

Жоғарғы регистрдегі таңбаларды теру.

3 - Ω Арнайы таңбалар

Екпін қойылған таңбаларды немесе символдарды таңдауға арналған экрандық пернетақтаны ашу.

4 - Fn пернесі

Санды немесе тыныс белгісін теру.

5 - ␣ Spacebar (Бос орын)

6 - Navigation (Шарлау) және OK

7 - ⬅ Share this (Осыны бөлісу)

Қазір көріп жатқанда онлайн бөлісу.

* Аймаққа байланысты қашықтан басқару құралында Qwerty / Azerty немесе Qwerty / кириллица пернетақтасы болады.

Qwerty және кириллица

Qwerty/кириллица пернетақтасын шолу.*



1 - Кириллица таңбалары

Пернетақта кириллицаға ауыстырылғандағы қол жетімді таңбалар.

2 - ⌨ Cyrillic keyboard switch (Кириллица пернетақтасына ауыстыру)

Пернетақтаны кириллица таңбаларына немесе қайтадан

Qwerty орналасуына ауыстыру.

3 - ⬆Aa Shift

Жоғарғы регистрдегі таңбаларды теру.

4 - Ω Арнайы таңбалар

Екпін қойылған таңбаларды немесе символдарды таңдауға арналған экрандық пернетақтаны ашу.

5 - Fn түймесі

Санды немесе тыныс белгісін теру

6 - ␣ Spacebar (Бос орын)

7 - ⬅ Share this (Осыны бөлісу)


Қазір көріп жатқанда онлайн бөлісу.

8 - Жылжу және OK

* Аймаққа байланысты қашықтан басқару құралында Qwerty / Azerty немесе Qwerty / кириллица пернетақтасы болады.

Мәтінді жазу

Қашықтан басқару құралының артқы жағындағы пернетақтамен экрандағы кез келген мәтін жолағына мәтін жазуға болады. Пернетақта пернелерін белсендіру үшін пернетақтаны жоғары қаратыңыз. Қашықтан басқару құралын екі қолыңызбен ұстап, бас бармақтарыңызбен теріңіз.



Мәтінді енгізу

Экрандағы мәтін жолағына мәтін енгізу үшін, мәтін жолағын таңдап, теруді бастаңыз.

Мәтінді растау үшін **OK** пернесін басыңыз.

Бас әріп пен кіші әріп

Жоғарғы регистрдегі таңбаны теру үшін тура таңбаны теру алдында **⬆Aa** (Shift) пернесін басыңыз.

Бірнеше жоғарғы регистрдегі таңбаны қатарынан теру үшін теріп жатқанда **⬆Aa** пернесін басып тұрыңыз.

Үздіксіз жоғарғы регистрде теру үшін пернетақтаны жоғарғы регистр режиміне ауыстыру үшін **⬆Aa** пернесін 2 секунд бойы басыңыз.

Жоғарғы регистр режимін ажырату үшін **⬆Aa** пернесін қайта басыңыз. 20 секунд бойы ешқандай перне басылмаса, жоғарғы регистр режимі автоматты түрде ажыратылады. Сондай-ақ, **Fn** немесе **Ω** сияқты басқа өзгерту пернесін бассаңыз, жоғарғы регистр режимі ажыратылады.

Сандар мен тыныс белгілері

Санды немесе тыныс белгісін теру үшін, қажетті санды немесе тыныс белгісін термес бұрын **Fn** түймесін басыңыз. Бас әріп режимі сияқты Fn режимін қосуға немесе ажыратуға болады.

Интернет

Fn пернесін пайдаланып, **www.** немесе **.com** деп теруге болады.

Екпін белгісі бар әріптер мен таңбалар

Қашықтан басқару құралының пернетақтасында екпін белгісі бар таңбалар мен нышандар тікелей қол жетімді емес. Мұндай таңбаны теру үшін экрандық пернетақтаны ашуға болады.

Экрандық пернетақтаны ашу үшін **Ω** пернесін басыңыз. Экрандық пернетақтада қажет таңбаны табуға болады. Түсті пернелермен пернетақта орналасуын ауыстырыңыз. Таңбаны енгізу үшін **OK** пернесін басыңыз. Қашықтан басқару құралының пернетақтасында бір таңбаны басқан кезде экрандық пернетақта жоғалады.

Qwerty, Azerty және кириллица пернетақтасы

Қашықтан басқару құралы пернетақтасының стандартты орналасуы – Qwerty.

Azerty пернетақтасы


Аймаққа байланысты қашықтан басқару құралын Azerty пернетақтасына қоюға болады. Azerty таңбалары қатысты пернелердің жоғарғы оң жағында көрсетіледі.

Пернетақта орналасуын Azerty пернетақтасына реттеу үшін...

1 -  түймесін басыңыз және  (сол жақ) **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.

2 - **General Settings (Жалпы параметрлер) > Remote Control Keyboard (Қашықтан басқару құралы пернетақтасы)** тармағын таңдаңыз.

3 - **Azerty** немесе **Qwerty** түймесін басыңыз.


4 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін  **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

Кириллица пернетақтасы

Аймаққа байланысты қашықтан басқару құралының пернетақтасын Кириллица таңбаларына ауыстыруға болады. Кириллица таңбалары пернетақта пернелерінің жоғарғы оң жағында көрсетіледі.

Кириллица таңбаларын жазу үшін...

1 - Қашықтан басқару құралынан  пернесін басыңыз.

2 - Qwerty пернетақтасына қайта ауысу үшін  пернесін қайтадан басыңыз.

6.5

Теледидармен байланыстыру

Жұптау

Бұл қашықтан басқару құралы пәрмендерін теледидарға жіберу үшін радио жиілікті (РЖ) пайдаланады. Инфрақызыл сәулелерді қолданатын қашықтан басқару құралдарымен салыстырғанда, пәрмендерді жіберу үшін құралды теледидарға бағыттаудың қажеті жоқ.



Қашықтан басқару құралы теледидармен байланысуы үшін теледидар мен қашықтан басқару құралын бір-бірімен жұптау (байланыстыру) қажет. Жұпталғаннан кейін қашықтан басқару құралын басқа теледидарды басқару үшін қолдану мүмкін болмайды.

Теледидарды алғаш орнатқан кезде теледидар сізді **OK** пернесін басуға шақырады, оны басқан кезде жұптау орындалады. Теледидар өшірілген кезде жұптау сақталады. Бұл теледидармен 5 қашықтан басқару құралын жұптауға болады.

Қайта жұптау



Бұл теледидармен басқа қашықтан басқару құралын жұптауға болады.

Әлі жұпталмаған қашықтан басқару құралымен салыстырғанда әлдеқашан басқа теледидармен жұпталған қашықтан басқару құралы үшін қашықтан басқару құралын жұптау әдісі басқаша болады.

- **Қашықтан басқару құралы басқа теледидармен жұпталған** Жұптау үшін қашықтан басқару құралын Philips логотипіне жақын ұстап (шамамен 10 см қашықтықта),  қызыл және  көк түсті түймелерді бір уақытта басыңыз. Жұптау сәтті болса, хабар пайда болады.

- **Қашықтан басқару құралы әлі жұпталған жоқ** Жұптау үшін қашықтан басқару құралын Philips логотипіне жақын ұстап (шамамен 10 см), **OK** пернесін басыңыз. Жұптау сәтті болса, хабар пайда болады.

Тарату

Жаңа, әлі жұптастырылмаған теледидарды әлдеқашан басқа теледидармен жұптастырылған қашықтан басқару құралымен жұптастыру үшін қашықтан басқару құралын Philips логотипіне жақын ұстап (шамамен 10 см),  қызыл және  көк пернелерді бір уақытта басыңыз.

Жұптау сәтті болса, хабар пайда болады.

Инфрақызыл сенсор

Теледидардың қашықтан басқару құралы теледидарға пәрмен жіберу үшін РЖ (радио жиілікті) қолданады. РЖ көмегімен қашықтан басқару құралын теледидарға бағыттаудың қажеті жоқ.

Дегенмен, теледидар пәрмен жіберу үшін ИҚ (инфрақызыл) сәулелерін қолданатын қашықтан басқару құралдарынан пәрмен алады. Мұндай қашықтан басқару құралын пайдалансаңыз, қашықтан басқару құралын теледидардың алдыңғы жағындағы инфрақызыл сенсорға бағыттаңыз.



Тазалау

Қашықтан басқару құралы сырылмайтын бетке қойылады.

Қашықтан басқару құралын тазалау үшін жұмсақ әрі дымқыл шүберекті қолданыңыз. Теледидар мен қашықтан басқару құралына спирт, химиялық заттар немесе тұрмыстық тазалағыштар сияқты заттарды қолданбаңыз.

Батареялар

Қашықтан басқару құралындағы батареялардың қуаты азайғанда теледидар сізді ескертеді.

Батареяларды ауыстыру үшін қашықтан басқару құралының пернетақта бүйіріндегі батареялар бөлімін ашыңыз.

- 1 - Батарея қақпағын ашу үшін шағын тиынмен немесе басқа шағын, өтпес затпен тікбұрышты босату түймесін басыңыз.
- 2 - Көк құлыпты көрсеткі көрсететін бағытта сырғытып ашыңыз және құлыпты көтеріңіз.
- 3 - Ескі батареяларды 2 **AA-LR6-1,5 B** түріндегі батареялармен алмастырыңыз. Батареялардың + және - жақтары дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- 4 - Көк құлыпты төмен басыңыз және шырт еткенше артқа сырғытыңыз.
- 5 - Батарея есігінің орнын өзгертіңіз және шырт еткенше төмен басыңыз.

Көрсеткішті тексеру үшін қашықтан басқару құралын 15 секунд төмен қаратыңыз.

Қашықтан басқару пультін ұзақ уақыт бойы пайдаланбағанда батареяларды шығарып алыңыз.

Ескі батареяларды пайдалану соңындағы нұсқауларға сай қоқысқа қауіпсіз тастаңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін **Keywords (Кілтсөздер)** түймесін басып, **End of use (Пайдаланудың соңы)** деп іздеңіз.

Негізгі мәзір

7.1

Home (Басты) мәзірін ашу

Android артықшылықтарын толығымен пайдалану үшін, теледидарды интернетке қосыңыз.

Android смартфонды немесе планшетінде сияқты Home (Басты) мәзірі теледидардың орталығы болып табылады. Home (Басты) мәзірінен кез келген қолданбаны іске қосуға, телеарнаға ауысуға, фильмді жалға алуға немесе қосылған құрылғыға ауысуға болады.

Home (Басты) мәзірін ашу үшін **HOME** пернесін басыңыз.

Қажетті қойындыны таңдау үшін үстіңгі жолақтағы белгішелерді басыңыз.


- **Now on TV (Қазір теледидарда)**
- **Apps (Қолданбалар)**
- **Video on Demand (Талап бойынша бейне)**
- **TV on Demand (Талап бойынша теледидар)**
- **Channels (Арналар)**
- **Sources (Көздер)**

Теледидардың орнатылуына және еліңізге байланысты кейбір белгішелердің қолжетімді болмауы мүмкін. Home (Басты) мәзірінің әртүрлі қойындылары туралы қосымша ақпарат алу үшін келесі бөлімдерді қараңыз.


Home (Басты) мәзірін өзгертулер енгізбей жабу үшін **BACK** түймесін басыңыз.

7.2

Шолу



- 1 - **Now on TV (Қазір теледидарда)**
- 2 - **Apps (Қолданбалар)**
- 3 - **Video on Demand (Талап бойынша бейне)**
- 4 - **TV on Demand (Талап бойынша теледидар)**
- 5 - **Channels (Арналар)**
- 6 - **Sources (Көздер)**
- 7 - **Notifications (Хабарландырулар)**
- 8 - **Search (Іздеу)**



9 - **Түсті пернелер**

10 - **Info (Ақпарат)**, ақпарат қолжетімді кезде белгіше ақ түсті болады.

11 - **Options (Параметрлер)**, Options (Параметрлер) қолжетімді кезде белгіше ақ түсті болады.

12 - **✓**, қойындының толық бетін ашады.

7.3

Хабарландырулар

Теледидар Notifications (Хабарландырулар) деп аталатын хабарлардың кең ауқымын қабылдай алады. Бұл хабарландырулар теледидардағы кез келген қолданбадан келеді немесе достарыңыздан немесе қолданбаның қызмет көрсету орталықтарынан жіберілуі мүмкін. Хабарландырулар тізімде жинақталады және ең соңғы хабарландыру жоғарғы жағында орналасады.

Хабарландыру алған кезде, белгіше экранның жоғарғы оң жағында қысқа уақыт пайда болады. Ол жерде болған кезде, Notifications (Хабарландырулар) терезесін ашу үшін белгішені басауға болады.

Notifications (Хабарландырулар) түймесін кейінірек кез келген уақытта ашу үшін...

1 - Home (Басты) мәзірін ашу үшін **HOME** пернесін басыңыз.

2 - Мәзірдің жоғары оң жағындағы Хабарландырулар белгішесін басыңыз.

3 - Оқу үшін хабарландыруды басыңыз.

Қолданбаны ашу үшін таңдалған хабарландыру арқылы (оң) пернесін басыңыз.

Таңдалған хабарландыруды жою үшін **(сол)** түймесін басыңыз.

Хабарландыруды толығымен көру үшін **INFO** пернесін басыңыз.

7.4

Home (Басты) мәзірі, іздеу


Теледидар интернетке қосылса, Home (Басты) мәзіріндегі іздеу өрісін пайдалануға болады.

Енді теледидар бағдарламасын, YouTube бейнесін немесе басқа ұнаған нәрсені нақты іздеу үшін мәтінді енгізуге болады. Мәтінді енгізу үшін экрандағы пернетақтаны немесе қашықтан басқару құралы пернетақтасын қолдана аласыз.

Не болмаса, Home (Басты) мәзірінен Search (Іздеу) өрісін ашпастан, ізделіп жатқан нәрсені жай ғана Voice (Дауыс) мүмкіндігі арқылы айтуға болады.


Іздеу үшін...

1 - Home (Басты) мәзірін ашу үшін **HOME** пернесін басыңыз.

2 - Іздеу өрісін ашу үшін  түймесін басыңыз.

- Экрандағы пернетақта автоматты түрде пайда болады.

Шарлау пернелері арқылы осы жерге мәтінді енгізуге болады.

Экрандағы пернетақтаны жасыру үшін,  **BACK** пернесін басыңыз.

- Қашықтан басқару құралы пернетақтасын пайдаланып бастасаңыз, экрандағы пернетақта жоғалады.


Іздеу нәтижелері бірнеше секундтан кейін пайда болады.

Табылған мазмұнның әр түрін көру үшін жоғары немесе төмен жылжыңыз.

Бағдарламалар, ұсыныстар


8.1

Now on TV (Қазір теледидарда) туралы

Home (Басты) мәзіріндегі  **Now on TV (Қазір теледидарда)** мүмкіндігі арқылы теледидар қазіргі кезде көруге болатын ең танымал 9 бағдарламаны ұсынады.

Теледидар қазір немесе 15 минут ішінде басталатын бағдарламаларды ұсынады. Ұсынылған бағдарламалар орнатылған арналардан таңдалады. Таңдау еліңіздегі арналардан жасалады. Сондай-ақ, **Now on TV (Қазір теледидарда)** бағдарламасына тұрақты қаралатын бағдарламаларға негізделген жекелей ұсыныстар жасауға рұқсат ете аласыз.

Осы жекелей ұсыныстарды алу үшін, **Terms of Use (Пайдалану шарттары)** бөліміндегі **Personal Recommendations Consent (Жеке ұсыныстар келісімімен)** келісуіңіз қажет. Пайдалану шарттарын қабылдап қойсаңыз, Жеке ұсыныстар келісіміне арналған ұяшыққа белгі қойғаныңызды тексеріңіз. Келіспестен бұрын келісімді мұқият оқып шыға аласыз.

Пайдалану шарттарымен және Жеке ұсыныстар келісімімен келісу үшін  **Keywords (Кілтсөздер)** түсті пернесін басып, **Terms of Use, Apps (Пайдалану шарттары, Қолданбалар)** деп іздеп көріңіз.

Теледидар бұрынғы ұсыныстарды сақтамайды. Now on TV (Қазір теледидарда) ақпараты таңдаулы елдерде ғана қолжетімді.


8.2

Сізге не қажет

Now on TV (Қазір теледидарда) ақпаратын қолжетімді ету үшін...

- теледидарда арналар орнатылуы қажет.
- Now on TV (Қазір теледидарда) ақпараты еліңізде қолжетімді болуы қажет.
- Теледидар сағаты Automatic (Автоматты) немесе Country Dependent (Елге байланысты) ретінде орнатылуы қажет.
- Terms of Use (Пайдалану шарттарын) қабылдауыңыз қажет (Интернетке қосылған кезде қабылдап қоюыңыз мүмкін.).
- TV Guide Data (Теледидар нұсқаулығының деректері) әдетте интернеттен келеді, алайда ата-аналық рейтинг орнатылмаса немесе арналар блокталмаса, хабар тарататын станциядан келуі мүмкін.

Теледидарды интернетке қосуға кеңес береміз.



 белгішесі Now on TV (Қазір теледидарда) ақпараты қолжетімді кезде ғана Home (Басты) мәзірінің үстіңгі жолағында пайда болады.

8.3

Now on TV (Қазір теледидарда) мүмкіндігін пайдалану

Now on TV (Қазір теледидарда) мүмкіндігін ашқан кезде, теледидардың бет мәліметтерін жаңартуы үшін бірнеше секунд қажет болуы мүмкін.

Now on TV (Қазір теледидарда) мүмкіндігін ашу үшін...

- 1 - Home (Басты) мәзірін ашу үшін  **HOME** пернесін басыңыз.
- 2 - Үстіңгі жолақтағы  түймесін басып, **Now on TV (Қазір теледидарда)** терезесін ашыңыз.

Now on TV (Қазір теледидарда) терезесінде...

- қазір болып жатқан бағдарламаға реттеу үшін бағдарлама белгішесін басуыңызға болады.
- бұрыннан бар арнаға реттеу үшін жоспарланған бағдарламаның белгішесін басуыңызға болады.
- жарнаманың веб-бетін ашу үшін жарнаманы басуыңызға болады.


Басқа арнаға реттемей Now on TV (Қазір теледидарда) мүмкіндігінен шығу үшін,  **BACK** пернесін басыңыз.

Жазуды бастау, тоқтату немесе жою үшін түсті пернелерді пайдалануға болады. Сондай-ақ, бағдарлама басталған кезде сізге ескертетін еске салғышты орнатуға немесе жоюға болады.

Қолд-р

9.1

Қолданбалар туралы

Home (Басты) мәзіріндегі  **Apps (Қолданбалар)** арқылы Apps (Қолданбалар) бетін ашуға болады.

Apps (Қолданбалар) беттері теледидардағы қолданбалар жиынтығын көрсетеді. Смартфондағы немесе планшеттегі қолданбалар сияқты теледидардағы қолданбалар теледидар мүмкіндіктерін арттыруға арналған арнайы функцияларды ұсынады. YouTube, Twitter, теледидар ойындары немесе ауа райы болжамы және т.б. сияқты қолданбалар. Не болмаса, интернетке кіру үшін, Google Chrome сияқты интернет браузер қолданбасын іске қосыңыз.

Қолданбалар **Philips App Gallery (Philips қолданбалар жиынтығынан)** немесе **Google Play™** дүкенінен келуі мүмкін. Бастау үшін теледидарға кейбір қолайлы Apps (Қолданбалар) алдын ала орнатылып қойған. Кейбір қолданбалар Apps (Қолданбалар) беттерінде пайда болатын виджеттерді ұсынуы мүмкін.



Қолданбаларды Philips қолданбалар жиынтығынан немесе Google Play дүкенінен орнату үшін теледидар интернетке қосылуы қажет.

9.2

Қолданбаны орнату

Қолданбаны Philips қолданбалар жиынтығынан немесе Google Play дүкенінен орнатуға болады.

Қолданбаны орнату үшін...

- 1 - Home (Басты) мәзірін ашу үшін  **HOME** пернесін басыңыз.
- 2 - Үстіңгі жолақтағы  түймесін басып, **Apps (Қолданбалар)** терезесін ашыңыз.
- 3 - **App Gallery** белгішесін немесе **Google Play** белгішесін басыңыз.
- 4 - Қажетті қолданбаны таңдап, қолданба жанындағы орнату түймесін басыңыз.

Теледидар қолданбаны жаңартады.

Орнатылған кезде, қолданба белгішесі Apps (Қолданбалар) беттерінде пайда болады. Қолданбалар жиынтығынан орнатылған қолданбалар орнатудан кейін автоматты түрде ашылады.




Қолданбаны орнатуда мәселе болса, алдымен, Google Play дүкеніндегі параметрлерді тексеріңіз.

9.3

Қолданбаны іске қосу

Қолданбаны Apps (Қолданбалар) беттерінен іске қосуға болады.

Қолданбаны іске қосу үшін...

- 1 - Home (Басты) мәзірін ашу үшін  **HOME** пернесін басыңыз.
- 2 - Үстіңгі жолақтағы  түймесін басып, **Apps (Қолданбалар)** терезесін ашыңыз.
- 3 - Қолданбалардың толық бетін ашу үшін  түймесін басыңыз. Келесі беттерге өту үшін төмен жылжытыңыз.
- 4 - Қолданбаны іске қосу үшін қолданба белгішесін басыңыз.

Қолданбаны тоқтату үшін...

Теледидар көру үшін  **HOME** пернесін басып, басқа әрекетті таңдаңыз немесе  **EXIT** пернесін басыңыз.



9.4

Chrome™

Браузерді ашу

Chrome™ интернет браузерімен интернетті теледидардан ашуға болады.

Интернетті шолу үшін...

- 1 - Home (Басты) мәзірін ашу үшін  **HOME** пернесін басыңыз.
- 2 - Үстіңгі жолақтағы  түймесін басып, **Apps (Қолданбалар)** терезесін ашыңыз.
- 3 - **Chrome** Қолданбасының белгішесін іздеп, оны басыңыз.

Теледидарда кез келген интернет веб-сайтын көруге болады, бірақ олардың кейбіреуі теледидар экранына дайындалмауы мүмкін.

- Теледидарда кейбір қосылатын модульдер (мысалы, беттерді немесе бейнелерді көруге арналған) қол жетімді емес.
- Интернет беттері бір-біреуден және толық экрандық күйде көрсетіледі.

Интернетте шолуды тоқтату үшін...

Теледидар көру үшін  **HOME** пернесін басып, басқа әрекетті таңдаңыз немесе  **EXIT** пернесін басыңыз.

Браузер туралы кеңестер

Беттерді сырғыту немесе айналдыру үшін меңзерді пайдалануға болады.

Сырғыту үшін...

- 1 - Меңзерді беттің сол немесе оң шетіне орналастырыңыз.

2 - Келесі немесе алдыңғы бетті көрсету үшін **OK** пернесін басып тұрып, қашықтан басқару құралын оңға немесе солға сырғытыңыз.

Айналыдыру үшін...

1 - Меңзерді беттің ортасына қойыңыз.

2 - **OK** пернесін басып тұрып, қашықтан басқару құралын төмен немесе жоғары жылжытыңыз.

Айналыдырған кезде беттің жоғарғы жағындағы қойындылар мен мекенжай жолағы жоғалып кетуі мүмкін.

Қойындылар мен мекенжай жолағын қайта көрсету үшін...

1 - Меңзерді беттің жоғарғы шетіне қойыңыз.

2 - **OK** пернесін басып тұрып, қашықтан басқару құралын төмен жылжытыңыз.

Google Chrome қолданбасы браузер функциясын уақыт өткен соң өзгертіп отыруы мүмкін.

9.5

Қолданба құлпы

Теледидарда балаларға арналмаған қолданбаларды құлыптау үшін реттеуге болады.

Қолданбалар жиынтығындағы қолданбалар ғана құлыпталады. Қолданба құлпын ашу үшін теледидардың Child Lock (Балалардан қорғау құлпы) PIN коды қажет.

Балаларға арналмаған қолданбаларды құлыптау үшін...

1 - Home (Басты) мәзірін ашу үшін **HOME** пернесін басыңыз.

2 - Үстіңгі жолақтағы **Apps** (Қолданбалар) терезесін ашыңыз.

3 - **OPTIONS** пернесін, одан кейін, **Terms of Use** (Пайдалану шарттары) түймесін басыңыз. Әлі қабылдамаған болсаңыз, қазір орындауыңызға болады.

4 - Келесі бетте **Allow 18+ App Locking (18+ қолданбаны құлыптауға рұқсат ету)** ұяшығына белгі қойыңыз.

5 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

9.6

Виджеттер

Виджеттер туралы

Виджет - Apps (Қолданбалар) беттеріндегі шағын терезе. Виджеттер оның түріне байланысты хабарлар, ауа райы туралы ақпарат, ұсыныстар. т.б. сияқты мәліметтердің барлық түрін көрсетеді. Виджетті іске қосудың қажеті жоқ, виджет Apps (Қолданбалар) беттеріне қосылған кезде әрқашан он (қосулы) болады.

Виджеттердің екі түрі бар. Кейбір виджеттер қолданбадан келеді және қолданба белгішесі мен виджеті бар. Басқа

виджеттерде қолданба белгішесі жоқ, виджеті ғана бар. Қолданбаны жеке белгішесімен және виджетімен орнатқан кезде, виджетті Apps (Қолданбалар) беттеріне өзіңіз қосуыңыз қажет. Жеке қолданба белгішесі жоқ виджеттер Apps (Қолданбалар) беттеріне автоматты түрде қосылады.

Виджетті Apps (Қолданбалар) беттеріне қосу үшін...

Қолданбаны орнатқан соң, Apps (Қолданбалар) беттеріндегі **Widgets (Виджеттер)** түсті пернесін басыңыз.

Виджеттер тізімінде Apps (Қолданбалар) беттеріне қосу қажет виджетті басыңыз. 2x3 немесе 1x2 сияқты көрсеткіш Apps (Қолданбалар) беттерінде алатын орнын көрсетеді.

Виджетте дыбысты және бейнені ойнатуға қолдау көрсетілмейді.

Фотосурет жақтауы

Apps (Қолданбалар) беттерінде **Photo Frame (Фотосурет жақтауы)** деп аталатын шағын виджетті таба аласыз. Жеке фотосуретіңізді фотосурет жақтауы суреті ретінде орнатуға болады.

Фотосуретті фотосурет жақтауының суреті ретінде орнату үшін...

1 - Теледидар экранындағы фотосуретті ашыңыз.

2 - **OPTIONS** пернесін, одан кейін **Set as Photo Frame (Фотожақтау ретінде орнату)** түймесін басыңыз. Шағын виджетке сәйкес келу үшін фотосуреттің масштабы өзгереді.

Фотосуретті теледидар экранынан көру туралы қосымша ақпарат алу үшін **Keywords (Кілтсөздер)** түсті пернесін басып, **Videos, Photos and Music (Бейнелер, фотосуреттер және музыка)** деп іздеңіз.

9.7

Қолданбалар мен виджеттерді жою

Қолданбалар мен виджеттерді Apps (Қолданбалар) беттерінен жоюға болады.

Қолданбаны жойсаңыз, оның орнатуын жоясыз. Өзіңіз орнатқан қолданбаларды немесе виджеттерді ғана жоя аласыз. Жойылған қолданбаларды немесе виджеттерді әрқашан қайта орнатуға болады.

Қолданбаларды немесе виджеттерді жою үшін...

1 - Меңзерді қолданбаның үстіңгі жағына қойып, бас бармағыңызды көтеріңіз.




2 - **Remove (Жою)** түсті пернесі пайда болса, қолданбаны Apps (Қолданбалар) беттерінен жою үшін **Remove** пернесін басыңыз.

файлдары, тазарту

Теледидардың интернет жадын тазартуға болады.

Philips тіркеуін, ата-аналық рейтинг параметрлерін, бейне дүкеннің қолданбаға кіру деректерін, интернет бетбелгілерін, файлдарды және журналды тазартқыңыз келуі мүмкін.

Интернет жадын тазалау үшін...

- 1 -  түймесін басыңыз және  (сол жақ) **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 2 - **Network (Желі)** түймесін, одан кейін Clear Internet Memory (Интернет жадын тазалау) түймесін басыңыз.
- 3 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін  **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

Android параметрлері

Қолданбаларды пайдалануға арналған кейбір арнайы параметрлерді реттеуге болады.

Қолданба, қолжетімді жад

Орнатылған қолданбалар тізімін қараңыз, қосымша қолданбаларды жүктеу немесе қолданбаны жою үшін орын босатыңыз.

Тіркелгілер

Қолжетімді есептік жазбаларды қараңыз. Немесе орнатылған қолданбаға есептік жазба қосыңыз.

Арнайы мүмкіндіктер

Есту немесе көру қиындықтары бар адамдар үшін теледидарды реттеу.

Қолданба есептік жазбалары

Пернетақта енгізу әдісін таңдаңыз.




Құпиялылық параметрлері

Android құпиялылық параметрлерін оқыңыз.

Android заңды ақпараты

Google заңдық ақпаратын оқыңыз.

Android параметрлерін орнату үшін...





- 1 -  түймесін басыңыз және  (сол жақ) **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 2 - **General Settings (Жалпы параметрлер)** түймесін, одан кейін **Android Settings (Android параметрлері)** түймесін басыңыз.
- 3 - Қажетті параметрді басыңыз.
- 4 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін  **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

Пайдалану шарттары - Қолданбалар

Теледидарды интернетке қосқан кезде, пайдалану шарттарымен келісуге шақырыласыз.

Қолданбаларды Philips қолданбалар жиынтығынан және Google Play дүкенінен пайдалану үшін, пайдалану шарттарымен келісуіңіз қажет. Пайдалану шарттарын ашып, оны қайта оқуыңызға немесе Personal Recommendations Consent (Жеке ұсыныстар келісімі) немесе 18+ App Locking (18+ қолданбаны құлыптау) сияқты арнайы функциямен келісе аласыз.


Пайдалану шарттарын оқу және келісу үшін...

- 1 - Home (Басты) мәзірін ашу үшін  **HOME** пернесін басыңыз.
- 2 - Үстіңгі жолақтағы  түймесін басып, **Apps (Қолданбалар)** терезесін ашыңыз.
- 3 -  **OPTIONS** пернесін, одан кейін **Terms of Use (Пайдалану шарттары)** түймесін басыңыз. Шарттармен қайтадан келісу үшін төмен жылжытыңыз.
- 4 - Қажет болса, келесі бетте арнайы функцияның алдындағы ұяшыққа белгі қойыңыз.
- 5 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін  **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.


Тапсырыс бойынша бейне


10.1

«Талап бойынша бейне» туралы

Home (Басты) мәзіріндегі  **Video on Demand (Талап бойынша бейне)** мүмкіндігі арқылы фильмдерді онлайн жалға берілетін Video Store (Бейнелер дүкенінен) жалға алуға болады. Несиелік картаңызбен қауіпсіз төлей аласыз. Сондай-ақ, еліңізге, теледидар орнатуына және тұрақты қарайтын бағдарламаларға сәйкес Video on Demand (Талап бойынша бейне) мүмкіндігінің фильмдердің кейбір жеке ұсыныстарын орындауына рұқсат ете аласыз.

Осы жекелей ұсыныстарды алу үшін, **Terms of Use (Пайдалану шарттары)** бөліміндегі **Personal Recommendations Consent (Жеке ұсыныстар келісімімен)** келісуіңіз қажет. Пайдалану шарттарын қабылдап қойсаңыз, Жеке ұсыныстар келісіміне арналған ұяшыққа белгі қойғаныңызды тексеріңіз. Келіспестен бұрын келісімді мұқият оқып шыға аласыз.

Video on Demand (Талап бойынша бейне) мүмкіндігі белгілі бір елдерде ғана қолжетімді.  белгішесі Video on Demand (Талап бойынша бейне) мүмкіндігі қолжетімді кезде ғана Home (Басты) мәзірінің үстіңгі жолағында пайда болады.


Пайдалану шарттарымен және Жеке ұсыныстар келісімімен келісу үшін  **Keywords (Кілтсөздер)** түсті пернесін басып, **Terms of Use, Apps (Пайдалану шарттары, Қолданбалар)** деп іздеп көріңіз.

10.2

Фильмді жалға алу

Video on Demand (Талап бойынша бейне) мүмкіндігінің бірінші бетінде, фильмдер тізімінің үстіңгі жағынан санатты таңдауға болады. Сонымен қатар, бірнешеуі қолжетімді болса, белгілі бір Бейнелер дүкенін немесе мәзірден белгілі бір жанрды таңдауға болады.

Бейнелер дүкенін немесе жанрды таңдау үшін...

- 1 - **All Stores (Барлық дүкендер)** немесе **Genre (Жанр)** түймесін басыңыз.
- 2 - Қажетті дүкенді немесе жанрды басыңыз.
- 3 - Ештеңені өзгерткіңіз келмесе,  **BACK** пернесін басыңыз.

Фильмді жалға алу үшін...

- 1 - Оның тақырыбын оқу үшін меңзерді фильмнің үстіне қойыңыз.
- 2 - Бейнелер дүкеніне өтіп, фильмнің қысқаша мазмұнын оқу

үшін түймені басыңыз.

3 - Тапсырысты растаңыз.

4 - Желі арқылы төлем жасаңыз.

5 - Көруді бастаңыз. ► (Ойнату) және II (Кідірту) пернелерін пайдалануға болады.

Бейне дүкендерінің көпшілігі кіру есептік жазбасын жасауды сұрайды.

10.3

Ағынмен жіберу

Осы теледидар көмегімен ағындық бейне пішімінде жіберілген жалға алынған фильмдерді көре аласыз. Фильмді бірден дерлік көре аласыз. Біраз бейне буферін сақтау үшін USB қатты дискісі қажет болуы мүмкін. Егер USB қатты дискісі қосылған болса, сонымен бірге тек фильмді жүктеуді ұсынатын бейне дүкендерінен жалға берілетін фильмдерді жүктеуге болады. Шарттар мен талаптарды бейне дүкенінен сұраңыз.

Интернет трафигі

Көп бейнелердің ағынын көру немесе жүктеу ай сайынғы интернет трафигі шегінен асуға әкелуі мүмкін.

TV on Demand

11.1

«Талап бойынша теледидар» туралы

Home (Басты) мәзіріндегі **TV on Demand (Талап бойынша теледидар)** мүмкіндігі арқылы өткізіп алынған теледидар бағдарламаларын қарауға немесе сүйікті бағдарламаларды өзіңізге ыңғайлы уақытта қарауға болады.

Сондай-ақ, теледидар орнатуына және тұрақты қарайтын бағдарламаларға сәйкес TV on Demand (Талап бойынша теледидар) мүмкіндігінің бағдарламалардың кейбір жеке ұсыныстарын орындауына рұқсат ете аласыз.

Осы жекелей ұсыныстарды алу үшін, **Terms of Use (Пайдалану шарттары)** бөліміндегі **Personal Recommendations Consent (Жеке ұсыныстар келісімімен)** келісуіңіз қажет. Пайдалану шарттарын қабылдап қойсаңыз, Жеке ұсыныстар келісіміне арналған ұяшыққа белгі қойғаныңызды тексеріңіз. Келіспестен бұрын келісімді мұқият оқып шыға аласыз.

TV on Demand (Талап бойынша теледидар) мүмкіндігін белгілі бір елдерде ғана қолдануға болады. **TV on Demand (Талап бойынша теледидар)** мүмкіндігі қолжетімді кезде ғана Home (Басты) мәзірінің үстіңгі жолағында пайда болады.

Пайдалану шарттарымен және Жеке ұсыныстар келісімімен келісу үшін **Keywords (Кілтсөздер)** түсті пернесін басып, **Terms of Use, Apps (Пайдалану шарттары, Қолданбалар)** деп іздеп көріңіз.

11.2

Бағдарламаны сұрау

TV on Demand (Талап бойынша теледидар) мүмкіндігінің бірінші бетінде, бағдарламалар тізімінің үстіңгі жағынан санатты таңдауға болады. Сонымен қатар, бірнешеуі қолжетімді болса, белгілі бір хабар тарататын станцияны таңдауға, таңдаулы бағдарламалардың тізімін немесе белгілі бір күнді таңдауға болады.

Хабар тарататын станцияны таңдау үшін...

- 1 - Broadcaster (Хабар тарататын станция) түймесін басыңыз.
- 2 - Қажетті хабар тарататын станцияны басыңыз.
- 3 - Ештеңені өзгерткіңіз келмесе, **BACK** пернесін басыңыз.

Бағдарламаны сұрау үшін...

- 1 - Оның тақырыбын оқу үшін меңзерді бағдарламаның үстіне қойыңыз.
- 2 - Хабар тарататын станцияның TV on Demand (Талап

бойынша теледидар) қызметіне өту және бағдарлама туралы ақпаратты оқу үшін белгішені басыңыз.

3 - Сұрауды растаңыз.

4 - қажет болса, онлайн төлем жасаңыз.

5 - Көруді бастаңыз. ► (Ойнату) және II (Кідірту) пернелерін пайдалануға болады.

Арналар

12.1

Арналарды қарау

Арналарды ауыстыру

Теледидар арналарын көру үшін **TV** пернесін басыңыз. Теледидар соңғы көрген арнаға реттейді.

Арналарды ауыстыру

Арналарды ауыстыру, **III** + немесе **III** - түймесін басыңыз. Арна нөмірін білсеңіз, сан пернелерімен нөмірін теріңіз. Нөмірді енгізген соң тез арада ауысу үшін **OK** пернесін басыңыз.

Арналар тобы

III пернелерінің бірін қайта-қайта басқан кезде, арналар тізіміндегі ағымда таңдалған топтан арналар ішінде жылдам жүресіз.

Қазір және келесі

Компьютерден немесе үй желісіндегі NAS (Желіге тіркелген қоймадан) фотосуреттерді көруге немесе музыканы және бейнелерді ойнатуға болады.

Теледидар және компьютер немесе NAS бірдей үй желісінде болуы қажет. Компьютерде немесе NAS қоймасында TwoPlus™ секілді медиа сервер бағдарламалық құралын орнату қажет. Медиа сервер файлдарды теледидармен ортақ пайдалануға реттелуі қажет. Теледидар файлдар мен қалталарды медиа сервер арқылы жасалғандай немесе компьютерде не NAS қоймасында құрастырылғандай

көрсетеді. Теледидарда  **OPTIONS** ішіндегі түсті перне функциялары мен опциялары медиа файлдардың барлық түрлері үшін бірдей.

Медиа сервер файлдарды іздеуге қолдау көрсетсе, іздеу өрісі қолжетімді.

Компьютерден файлдарды шолу және ойнату үшін,  **SOURCES** пернесін, кейін SimplyShare түймесін басыңыз.

17.3

Мобильді құрылғыдан

Wi-Fi Miracast туралы

Wi-Fi Miracast™ құралы бар мобильді құрылғыдан фотосуреттерді көруге немесе музыканы және бейнелерді ойнатуға болады.

Теледидарыңыз — **Wi-Fi Certified Miracast™** бағдарламасын қолдайтын құрылғы. Miracast™ бағдарламасымен смартфон, планшет немесе компьютер экранын сымсыз жолмен теледидар экранынан көруге және мазмұндарды бөлісуге болады. Құрылғының экранындағы бейнелерді (дыбыс пен бейне) ойнатуға, фотосуреттерді және басқа да мазмұндарды бөлісуге болады. Құрылғыны үй желісіне қосудың қажеті жоқ. Теледидар мен құрылғы — екеуі де Wi-Fi Certified Miracast™ қызметін қолдайтын құрылғы болып, Miracast функциясы қосылып тұру керек.




Осы теледидардағы Miracast HDCP протоколына қосылымды және құрылғы жіберген көшірмеден қорғалған кеңейтілген мазмұнды көрсете алмайды. Қолдау көрсетілген ең жоғары бейне ажыратымдылығы 2, 4 Гц Wi-Fi үшін 720 немесе 5 Гц Wi-Fi үшін 1080 p.

Wi-Fi Certified Miracast™ туралы қосымша ақпаратты www.wi-fi.org веб-сайтынан қараңыз.

Wi-Fi®, **Wi-Fi CERTIFIED** логотипі, **Wi-Fi** логотипі — Wi-Fi Alliance компаниясының тіркелген сауда белгілері. **Wi-Fi CERTIFIED Miracast™**, **Miracast™** — Wi-Fi Alliance компаниясының сауда белгілері.

Miracast функциясын қосу

Wi-Fi Miracast қосылу екенін тексеріңіз.

- 1 -  түймесін басыңыз және  (сол жақ) пернесін басыңыз.
- 2 - **General Settings (Жалпы параметрлер)** > Wi-Fi Miracast тармағын басыңыз.
- 3 - **On (Қосы)** түймесін басыңыз.
- 4 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін  **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

Экранды теледидарда бөлісу

Смартфон, планшет немесе компьютер экранын теледидарда бөлісу үшін...

- 1 - Теледидарды қосыңыз.
- 2 - Құрылғыда Wi-Fi Miracast, Wi-Fi Direct™, Intel® Wireless Display* немесе осылар сияқты басқа қолданбаны ашып, басқа Miracast құрылғыларын іздей бастаңыз.
- 3 - Табылған құрылғылар тізімінде теледидарды таңдап, оған қосылыңыз.
- 4 - Теледидарда оған қосылуды сұрауды қабылдаңыз. Теледидарда құрылғының PIN кодын енгізу сұралуы мүмкін — қашықтан басқару құралындағы сандық пернелердің көмегімен сандарды енгізіңіз. Бұған қосымша, теледидар құрылғыдағы PIN кодын енгізуді сұрауы мүмкін. Қосылғанда, теледидар құрылғы экранын көрсетеді.
- 5 - Құрылғыда теледидар арқылы көргіңіз келетін бейнелерді, фотосуреттерді немесе файлдарды таңдаңыз.

* Енді Miracast қызметін WiDi 3.5 қолдайды.

Wi-Fi қосылымын (мысалы, «DIRECT_tvname») басқа желі құрылғыларындағы қолжетімді желілер тізімінен, мысалы ноутбуктен таба аласыз. Алайда, бұл байланысты Wi-Fi Miracast құрылғылары арқылы ғана пайдалануға болады.

Бөлісуді тоқтату

Экранды теледидармен немесе мобильді құрылғымен бөлісуді тоқтатуға болады.

Құрылғыдан

Miracast қызметін іске қосу үшін пайдаланылатын қолданбамен байланысты үзіп, құрылғының экранын теледидардан көруді тоқтатуға болады. Теледидар қайтадан соңғы таңдалған бағдарламаға қосылады.

Теледидардан

Құрылғының экранын теледидардан көруді тоқтату...

- теледидар таратылымын көру үшін **TV** пернесін басыңыз
- теледидарда басқа әрекетті бастау үшін **▲** пернесін басыңыз
- Sources (Көздер) мәзірін ашу және қосылған құрылғыны таңдау үшін **■ SOURCES** пернесін басыңыз.

Құрылғыны блоктау

Құрылғыдан алғаш рет қосылу тапсырысын алғанда, құрылғыны блоктауға болады. Бұл құрылғыдан келген сұрау және келешекте болатын оның барлық сұраулары еленбейтін болады.

Құрылғыны блоктау үшін, **Block... (Блоктау)** түймесін басыңыз.

Барлық құрылғыларды блоктан шығару

Бұрын қосылған және де блок қойылған барлық құрылғылар Wi-Fi Miracast қосылымының тізімінде сақталады. Бұл тізімді өшірсе, блок қойылған барлық құрылғылар блоктан шығарылады.

Барлық блокталған құрылғыларды блоктан шығару үшін...

- 1 - **⚙** түймесін басыңыз және **□** (сол жақ) пернесін басыңыз.
- 2 - **Network (Желі)** түймесін, кейін **Wi-Fi Miracast Connections (Wi-Fi Miracast қосылымдары)** түймесін басыңыз. Тізім тазартылады.
- 3 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін **↩ BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

Бұрын қосылған құрылғыны блоктау

Бұрын қосылған құрылғыны блоктау үшін, алдымен Wi-Fi Miracast байланыстарының тізімін өшіру керек. Бұл тізімді өшіргенде, қайтадан әр құрылғы үшін байланысты растау немесе блоктау керек болады.

Экраннан кешігіп көрсету

Экранды Miracast арқылы бөліскендегі кешігу әдетте 1 секундты құрайды. Өңдеу қуаты төменірек ескі құрылғыларды қолданғанда, бұл уақыт ұзағырақ болуы мүмкін.

17.4

Бейнелер

Бейнелерді ойнату

Медиа файлдар тізімін теледидардан ашу әдісі файлдар сақталған құрылғы түріне байланысты болады.

Бейнені ойнату үшін медиа файлдар тізімінен бейне файл атауын басыңыз.

- Келесі немесе алдыңғы бейнеге өту үшін **⏮ +** немесе **⏭ -** пернесін басыңыз.
- Бейнені кідірту үшін **OK** түймесін басыңыз. Жалғастыру үшін **OK** түймесін қайта басыңыз.
- Бейнеде 10 секунд алға немесе кері өту үшін **▶** немесе **◀** түймесін басыңыз.
- Кері айналдыру немесе алға айналдыру үшін **▶▶** немесе **◀◀** пернесін басыңыз. 2x, 4x, 8x, 16x, 32x есе тездету үшін пернелерді бірнеше рет басыңыз.
- Бейнені ойнатуды тоқтату үшін **■ (Тоқтату)** түймесін басыңыз.
- Қалтаға кері өту үшін, **↩ BACK** пернесін басыңыз.

Орындау жолы

Бейненің ойнатылуы кезінде орындау жолын (ойнату көрсеткішінің орны, ұзақтық, тақырып, күн, т.б.) көрсету үшін, **ⓘ INFO** пернесін басыңыз.

Ақпаратты жасыру үшін қайтадан басыңыз.

Бейне параметрлері

Түсті перне функциялары мен бейнені ойнатуға арналған Options (опциялар).

- **Play All (Барлығын ойнату)** – осы қалтадағы барлық бейне файлдарды ойнатады.
- **Play One (Біреуін ойнату)** – бір ғана бейнені ойнатады.
- **List (Тізім)** – бейнелерді тізімдегі файлдар ретінде көрсетеді.
- **Thumbnails (Нобайлар)** – бейнелерді нобайлар ретінде көрсетеді.
- **Shuffle (Кездейсоқ)** – файлдарды кездейсоқ ретпен ойнатады.
- **Subtitles (Субтитрлер)** - бар болса, субтитрлерді On (Қосулы), Off (Өшірулі) немесе On During Mute (Үнсіз кезде қосулы) күйіне орнатуға болады.
- **Subtitle Language (Субтитр тілі)** – бар болса, субтитр тілін таңдайды.
- **Audio Language (Дыбыс тілі)** – бар болса, дыбыс тілін таңдайды.
- **Repeat (Қайталау)** – осы қалтадағы барлық бейнелерді бір рет немесе үздіксіз ойнатады.

17.5

Фотосуреттер

Фото көру

Медиа файлдар тізімін теледидардан ашу әдісі файлдар сақталған құрылғы түріне байланысты болады.

Фотосуретті көру үшін медиа файлдар тізімінен фотосурет файл атауын басыңыз.

Қалтада бірнеше фотосурет болса, слайдшоуды бастауға болады.

Слайдшоуды бастау үшін...

- 1 - Қалтадағы фотосуретті таңдаңыз.
- 2 - **Slide Show (Слайдшоу)** түсті пернесін басыңыз.
 - Келесі немесе алдыңғы фотосуретке өту үшін **⏮ +** немесе **⏭ -** пернесін басыңыз.
 - Слайд көрсетілімін тоқтату немесе фотосуретті жабу үшін **≡ LIST** немесе **■** (Тоқтату) пернесін басыңыз.

Музыканы слайдшоумен ойнату үшін...

- 1 - Слайдшоуды бастамастан бұрын музыканы бастаңыз.
- 2 - Әнді немесе әндер бар қалтаны таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
- 3 - Фотосуретті немесе фотосуреттер бар қалтаны таңдап, **Slide Show (Слайдшоу)** параметрін басыңыз.

Ақпарат

Фотосурет туралы ақпаратты (өлшемі, жасалған күні, файл жолы, т.б.) көру үшін фотосуретті таңдап, **i INFO** пернесін басыңыз.

Ақпаратты жасыру үшін қайтадан басыңыз.

Фотосурет параметрлері

Фотосуреттерді көруге арналған түсті перне функциялары мен Options (опциялары).

- **Slide Show (Слайдшоу)** – фотосуреттерді бірінен кейін бірін көрсетеді.
- **Sort (Сұрыптау)** – фотосуреттерді логикалық ретпен сұрыптайды.
- **List (Тізім)** – фотосуреттерді тізімдегі файлдар ретінде көрсетеді.
- **Thumbnails (Нобайлар)** – фотосуреттерді нобайлар ретінде көрсетеді.
- **Shuffle (Кездейсоқ)** – файлдарды кездейсоқ ретпен ойнатады.
- **Repeat (Қайталау)** – слайдшоумен бір рет немесе үздіксіз ойнатады.
- **Stop Music (Музыканы тоқтату)** – фондағы музыканы ойнатуды тоқтатады.
- **Slide Show Speed (Слайдшоу жылдамдығы)** – слайдшоу жылдамдығын реттейді.
- **Slide Show Transition (Слайдшоу өтуі)** – фотосурет ауысымдарының мәнерін реттейді.
- **Rotate (Бұру)** – фотосуретті альбомдық немесе кітаптық пішімге бұрады.
- **Set as Photo Frame (Фотожақтау ретінде орнату)** – осы фотосуретті Home (Басты) мәзіріндегі фотосурет жақтауы виджетінде фотосурет жақтауы фотосуреті ретінде таңдаңыз.

17.6

Музыка

Музыканы ойнату

Медиа файлдар тізімін теледидардан ашу әдісі файлдар сақталған құрылғы түріне байланысты болады.

Әнді ойнату үшін медиа файлдар тізімінен ән файл атауын басыңыз.

Қалтада бірнеше ән болса, оларды бірінен соң бірін тыңдауға болады.

- Келесі немесе алдыңғы әнге өту үшін **⏮ +** немесе **⏭ -** пернесін басыңыз.
- Әнді кідірту үшін **OK** түймесін басыңыз. Жалғастыру үшін **OK** түймесін қайта басыңыз.
- Әнде 10 секунд алға немесе кері өту үшін **▶** немесе **◀** түймесін басыңыз.
- Кері айналдыру немесе алға айналдыру үшін **▶▶** немесе **◀◀** пернесін басыңыз. 2x, 4x, 8x, 16x, 32x есе тездету үшін пернелерді бірнеше рет басыңыз.
- Егер **≡ LIST** немесе **↶ BACK** пернесін бассаныз, музыка ойнатыла береді.

- Музыканы тоқтату үшін ■ (Тоқтату) пернесін басыңыз.

Орындау жолы

Әннің ойнатылуы кезінде орындау жолын (ойнату көрсеткішінің орны, ұзақтық, тақырып, күн, т.б.) көрсету үшін, **i** INFO пернесін басыңыз. Ақпаратты жасыру үшін қайтадан басыңыз.

Музыка параметрлері

Түсті перне функциялары мен музыканы ойнатуға арналған Options (опциялар).

- **Play All (Барлығын ойнату)** – осы қалтадағы барлық әндерді ойнатады.
- **Play One (Біреуін ойнату)** – бір ғана әнді ойнатады.
- **Shuffle (Кездейсоқ)** – файлдарды кездейсоқ ретпен ойнатады.
- **Repeat (Қайталау)** – осы қалтадағы барлық әндерді бір рет немесе үздіксіз ойнатады.

Теледидарды кідірту

18.1

Сізге не қажет

Сандық теледидар таратылымын кідіртуге және оны кейін көру үшін жалғастыруға болады.

Қажетті теледидар бағдарламасын кідірту үшін...

- осы теледидарда пішімделген қосылған USB қатты дискісі
- осы теледидарға орнатылған сандық теледидар арналары
- экрандағы теледидар нұсқаулығына арналған арна туралы ақпаратты алу үшін

Жазып алу кезінде теледидарды кідірту мүмкіндігін пайдалану мүмкін емес.

Қосымша ақпарат алу үшін **Keywords (Кілтсөздер)** түсті пернесін басып, **USB Hard Drive, installation (USB қатты дискісі, орнату)** деп іздеңіз.

18.2

Бағдарламаны кідірту

Кідірту

Таратылымды кідірту және жалғастыру үшін...

Таратылымды кідірту үшін **II** (Кідірту) пернесін басыңыз. Экранда қысқа уақытқа орындалу барысының жолағы пайда болады.

Орындалу барысының жолағын шығару үшін **II** (Кідірту) пернесін қайта басыңыз.

Көруді жалғастыру үшін, **►** (Ойнату) түймесін басыңыз.

Тарату уақытының үстіңгі жағындағы кішкентай **►** белгішесі экранда көрсетілген.

Таратуды ең көбі 90 минут уақытқа кідірте аласыз.

Нақты теледидар таратылымына қайту үшін **■** (Токтату) пернесін басыңыз.

Орындау жолы

Орындау жолын көрсету үшін, бағдарламаны кідірткен кезде **II** (Кідірту) немесе бағдарламаны жалғастырған кезде **►** (Ойнату) пернесін басыңыз. Экранда орындау жолы болған кезде кідірілген таратылымды көруді бастағыңыз келетін орынды таңдау үшін **◀◀** (Кері айналдыру) немесе **▶▶** (Алға айналдыру) пернесін басыңыз. Жылдамдығын өзгерту үшін осы пернелерді қайта-қайта басыңыз.

USB қатты дискісіне бағдарлама жазып жатқанда, таратылымды кідірту мүмкін емес.

Қайталау

Қосылған және пішімделген USB қатты дискісі арқылы теледидар көріп отырған теледидар таратылымын сақтайды. Басқа арнаға ауысқан кезде, алдыңғы арнаның таратылымы жойылады. Сондай-ақ, теледидарды күту режиміне ауыстырған кезде таратылым жойылады.

Теледидар көріп отырған таратылымды сақтайтындықтан, таратылымды бірнеше секунд қайта ойнатуға болады.

Ағымдағы таратылымды қайта ойнату үшін...

1 - **II** (Кідірту) пернесін басыңыз

2 - **◀** (Сол) пернесін басыңыз. Таратылым жадының басына немесе ең үлкен уақытқа жеткенше **◀** пернесін қайта-қайта басыңыз.

Жазу

19.1

Сізге не қажет

Сандық теледидар таратылымын жазуға және кейінірек көруге болады.

Қажетті теледидар бағдарламасын жазу үшін...

- осы теледидарда пішімделген қосылған USB қатты дискісі
- осы теледидарға орнатылған сандық теледидар арналары
- экрандағы теледидар нұсқаулығына арналған арна туралы ақпаратты алу үшін
- сенімді теледидар сағатының параметрі. Теледидар сағатын қолмен қалпына келтірсеңіз, жазудың орындалмауы мүмкін.

Теледидарды кідіртуді пайдаланған кезде жазу мүмкін емес.

Кейбір сандық теледидар операторлары арналарды жазып алуға рұқсат етпейді.

USB қатты дискісін орнату туралы қосымша ақпарат алу үшін **Keywords (Кілтсөздер)** түсті пернесін басып, **USB Hard Drive, installation (USB қатты дискісі, орнату)** деп іздеңіз.

19.2

Бағдарлама жазу

Қазір жазу

Көріп отырған бағдарламаны жазу үшін, қашықтан басқару құралындағы **(Жазу)** пернесін басыңыз. Жазу бірден басталады.

TV Guide (Теледидар нұсқаулығы) деректері қолжетімді кезде, көріп отырған бағдарлама толығымен жазылады. Теледидар нұсқаулығының деректері болмаса, жазу 30 минутқа ғана жалғасады. Жазбалар тізімінен жазудың соңғы уақытын реттеуге болады.

Жазуды тоқтату үшін **(Тоқтату)** пернесін басыңыз.

Жазуды жоспарлау

Бүгін немесе бірнеше күнде (ең көбі 8 күн) көрсетілетін бағдарламаны жазылатын етіп жоспарлауға болады.

Жазуды жоспарлау үшін...

1 - **TV Guide (Теледидар нұсқаулығы)** пернесін басыңыз. Теледидар нұсқаулығы бетінен жазу қажет арна мен бағдарламаны таңдаңыз. Арна бағдарламалары ішінде айналдыру үшін **(Оң)** немесе **(Сол)** пернесін басыңыз.

Қажетті күнді таңдау үшін түсті пернелерді пайдаланыңыз.

2 - Белгіленген бағдарламамен **Record (Жазу)** түсті пернесін басыңыз. Бағдарлама жазуға жоспарланады. Жазулар бір уақытта жоспарланған кезде ескерту автоматты түрде көрсетіледі. Бағдарлама жазуды өзіңіз жоқ кезде жоспарласаңыз, теледидарды күту режиміне ауыстырып, USB қатты дискісін қосуды ұмытпаңыз.

3 - Теледидар кей кезде бағдарламаның соңында буфер қосады. Қажет болса, қосымша буфер қосуға болады.

Жазудың аяқталу уақытын реттеу үшін...

1 - Home (Басты) мәзірін ашу үшін **HOME** пернесін басыңыз.

2 - **Apps (Қолданбалар)** түймесін, одан кейін **Recordings (Жазбалар)** түймесін басыңыз.

3 - Реттеу қажет жазуды таңдап, **Adjust Time (Уақытты реттеу)** пернесін басыңыз. Теледидар нұсқаулығы интернеттен келсе, жазбаны таңдап, **OK** пернесін басыңыз. Бағдарлама туралы ақпарат көрсетілсе, **Adjust Recording (Жазбаны реттеу)** пернесін басыңыз.

Жазбалардың тізімі

Барлық жазбалар мен жоспарланған жазбалар жазбалар тізімінде көрсетіледі.

Тізімді ашу үшін...

1 - Home (Басты) мәзірін ашу үшін **HOME** пернесін басыңыз.

2 - **Apps (Қолданбалар)** түймесін, одан кейін **Recordings (Жазбалар)** түймесін басыңыз.

Осы тізімнен көру қажет жазбаны таңдауға, жазылған бағдарламаларды жоюға, жазудың аяқталу уақытын реттеуге немесе жадтағы бос орынды тексеруге болады. Жазу уақыты бағдарламаға байланыспағандықтан, жазуды жоспарлап, оның басталу және аяқталу уақытын өзіңіз реттеуге де болады.

Жазу уақытын реттеу үшін...

1 - **OPTIONS** пернесін, кейін **Schedule (Жоспарлау)** түймесін басыңыз. Немесе теледидар нұсқаулығы интернеттен алынса, **Schedule New (Жаңасын жоспарлау)** пернесін басыңыз.

2 - Арнаны, күнжі және уақытын реттеңіз.

3 - Жазуды растау үшін **Schedule (Жоспарлау)** түймесін басыңыз.

Жоспарланған жазбаны жою үшін...

1 - Жазбалар тізімінен енді болатын жазбаны таңдаңыз.

2 - **Remove (Жою)** пернесін басыңыз.

Жазу кезінде теледидар қарау

Арнаны көру және сол уақытта басқа арнаны жазу үшін, осы теледидар 2 тюнермен жабдықталған. Алайда, жазу кезінде қарауға болатын арналар оларды қабылдауға арналған теледидар орнатуына байланысты.

Жазу кезінде қай арналарды қарауға болады...

Шифрланған арналардың кодын ашу үшін 1 CAM пайдалансаңыз, кодын ашуды қажет етпейтін арналарды және жазылып жатқан арнаны ғана қарай аласыз.

Шифрланған арналардың кодын ашу үшін 2 CAM пайдалансаңыз және смарт картаардың екеуінің де көру құқықтары бірдей болса, барлық арналарды, оның ішінде жазылып жатқан арнаны да қарауға болады.

Көру құқықтары бірдей емес 2 CAM пайдалансаңыз, көру құқықтары аз CAM арналары мен жазылып жатқан арнаны ғана қарай аласыз.

Бір кабельдік жүйені пайдалансаңыз және 1 ғана пайдаланушы жолағы болса, кодын ашуды қажет етпейтін арналарды және жазылып жатқан арнаны ғана қарай аласыз.

Қосымша ақпарат алу үшін, **Keywords (Кілтсөздер)** түсті пернесін басып, **Smart Card, CAM (Смарт карта, CAM)** деп іздеңіз.

19.3

Жазбаны көру

Жазбаны көру үшін...

1 - Home (Басты) мәзірін ашу үшін **HOME** пернесін басыңыз.

2 - **Apps (Қолданбалар)** түймесін, одан кейін **Recordings (Жазбалар)** түймесін басыңыз.

3 - Ойнатуды бастау үшін тізімнен жазбаны таңдап, **OK** пернесін басыңыз. Қашықтан басқару құралындағы **►►** (Алға айналдыру), **◄◄** (Кері айналдыру), **II** (Кідірту) немесе **■** (Тоқтату) пернесін пайдалануға болады.

Таратушылар жазылымды қарауға болатын күндер санын шектей алады. Тізімдегі жазылым мерзімі бітпестен бұрын күндер санын көрсете алады.

Жоспарланған жазып алуды таратушы болдырмағанда немесе тарату үзілгенде, жазба **Failed (Сәтсіз)** деп белгіленеді.

Жазбаны өшіру үшін...

1 - Жазбалар тізімінен жазбаны таңдаңыз

2 - **Remove (Жою)** немесе **Delete (Жою)** пернесін басыңыз.

Skype

20.1

Skype туралы

Теледидардағы **Skype™** арқылы бірге болмаған кезде де тікелей қонақ бөлмесінен естеліктер жасауға және оны бөлісуге болады.

Сондықтан компьютер айналасында үймелеу немесе кадрдан тыс кездерді өткізіп алу жағдайлары болмайды. Skype-Skype дыбыстық және бейне қоңырауын Skype қосылған басқа құрылғыларға тегін шалуға болады.

Достарыңызбен үлкен экранда сөйлесуге және қонақ бөлмеңізді отбасыңыздың барлық мүшесі пайдалана алатын орынға түрлендіре аласыз.

20.2

Сізге не қажет

Skype қызметінде бейне қоңырау шалу үшін кірістірілген микрофоны бар **Philips PTA317** теледидар камерасы және жақсы интернет байланысы қажет.

Skype бағдарламасын іске қосу үшін теледидарда интернетке сапасы жақсы қосылым болуы керек. Теледидарды сымсыз немесе сымды жолмен қосуға болады. Қосымша ақпарат алу үшін, **Keywords (Кілтсөздер)** түсті пернесін басып, **Network, wireless (Желі, сымсыз)** деп іздеңіз.

Skype тіркелгісі

Skype қызметін пайдалану үшін өзіңіз бен жанұяңыз үшін Skype тіркелгісін жасауыңыз керек. Skype үшін жаңа тіркелгіні теледидардан жасауға болады, бірақ компьютерді пайдалану ыңғайлырақ.

Skype Credit (Skype кредиті) немесе Skype Subscriptions (Skype жазылымдары)

Skype қызметімен телефондарға немесе ұялы телефондарға арзан қоңырау шалуға болады. Компьютерді пайдаланып, Skype кредитін сатып алуға немесе www.skype.com сайтынан Skype жазылымын алуға болады.

20.3

Skype бағдарламасымен жұмысты бастау

Камераны орнату

Теледидардың камера кабелін теледидардағы USB қосылымдарының біреуіне қосыңыз.

Камера әдетте отыратын орынға бағытталып, Skype қоңырауын жасағанда, камера кескінін панорамалауға, еңкейтуге немесе масштабтауға болады.


Камераны қалаған жеріңізге қоюыңызға болады, бірақ оны теледидардың үндеткіштерінен алыс қою ұсынылады.

Теледидар камерасы жалғанбаған болса, Skype іске қосылмайды.

Kipy

Skype бағдарламасына **Skype Name (Skype аты)** және **password (құпия сөз)** мәндерін пайдаланып кіріңіз. Егер сізде әлі Skype аты болмаса, жаңа Skype тіркелгісін жасау керек.

Skype бағдарламасына кіру үшін...

- 1 - Негізгі мәзірді ашу үшін  пернесін басыңыз.
- 2 - **Apps (Қолданбалар)** түймесін, одан кейін **Skype** түймесін басыңыз.
- 3 - Skype бағдарламасын бірінші рет іске қоссаңыз, камераны реттеуге болады.
- 4 - Осы теледидарда бұрын Skype бағдарламасына кірмесеңіз, **Sign in (Kipy)** немесе **Add an account (Тіркелгі қосу)** түймесін басыңыз. Бұрын кірсеңіз, тіркелгіңізді басыңыз.
- 5 - Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Көмек қажет пе?

Skype атыңызды немесе құпия сөзіңізді ұмытып қалсаңыз немесе кіруде мәселелер болып жатса, мына бетке кіріңіз: www.skype.com/support

Жаңа Skype тіркелгісі

Егер **Skype Name (Skype атыңыз)** және **Password (Құпия сөз)** әлі болмаса, компьютерде жаңа Skype тіркелгісін жасауға болады. Жаңа есептік жазбаны сәтті жасаған соң, теледидарға кіру үшін Skype аты мен құпия сөзді пайдалануға болады.

Компьютерде Skype тіркелгісін жасау үшін, мына сайтқа өтіңіз: www.skype.com

Microsoft тіркелгісі

Егер сізде Microsoft тіркелгісі бар болса, теледидардағы Skype бағдарламасына кіру үшін сол тіркелгіні пайдалана аласыз.

Microsoft тіркелгісінің көмегімен кіру үшін...

- 1 - Skype **Sign in (Kipy)** бетінде **Sign in with Microsoft account**

(Microsoft тіркелгісімен кіру) түймесін басыңыз.
2 - **Next (Келесі)** түймесін басыңыз. Теледидар Microsoft тіркелгісінің кіру веб-бетін ашады.
3 - Microsoft тіркелгіңіздің электрондық пошта мекенжайын және құпия сөзін енгізіңіз.
4 - **Submit (Жіберу)** түймесін басыңыз.

Skype көмегімен төтенше жағдай қоңырауын шала алмайсыз

Skype телефонды ауыстырмайды және оны төтенше жағдайда қоңырау шалу үшін пайдалана алмайсыз.



20.4

Skype мәзірі

Сәтті кіргенде **Skype menu (Skype мәзірі)** ашылады.

Skype мәзірінің элементтері...

- **My profile (Менің профилім)**

My profile (Менің профилім) бөлімінде Skype жеке профилін көруге және өңдеуге болады. Күйіңізді, профиль суретін, телефон нөмірін және т.б. реттеуге болады. Компьютерде бірнеше параметрді ғана өзгертуге болады.

- **People (Адамдар)**

People (Адамдар) ішінде Skype қоңырауын шалуға және контактілерді басқаруға болады.

- **History (Журнал)**

History (Журнал) бөлімінде өткізіп алынған және бұрынғы қоңырауларды көруге және дауыстық хабарларды тыңдауға болады.

- **Call phones (Телефонға қоңырау)**

Call phone (Телефонға қоңырау) бөлімінде пернетақтадан нөмірді теру арқылы стационарлық немесе мобильді телефон нөміріне қоңырау шалуға болады. Телефон нөміріне қоңырау шалу үшін Skype кредиті немесе Skype жазылымы болуы қажет.

- **Settings (Параметрлер)**

Settings (Параметрлер) бөлімінде құпия сөзді өзгертуге, құпиялылықты және дауыстық хабарлар параметрлерін орнатуға немесе блоктаған контактілерді көруге және т.б. болады. Сондай-ақ, Settings (Параметрлер) мәзірінде Skype желісінен шығуға болады.

- **Back to TV (Теледидарға оралу)**

Skype бағдарламасын жауып, теледидарды қарауды жалғастырады. Контакттеріңіз сізге әлі қоңырау шала алады.

20.5

People (Адамдар)

Контакттеріңіз

People (Адамдар) тармағынан **Skype контактілерінің** тізімін таба аласыз.

Контактілер профиль суретімен және **Skype Name (Skype атымен)** көрсетіледі. Атының жанында жасыл нүкте болған кезде контактілер онлайн және Skype үшін қолжетімді болады. Телефон нөмірі арқылы қосылған контактілер қолжетімді болған кезде жасыл нүкте көрсетілмейді.

Контакт қосу

Skype контактісін қосу

People (Адамдар) тармағында, контактілер тізіміне жаңа Skype контактісін қосуға болады.

Досыңыздың Skype атын немесе электрондық поштасын білсеңіз, Skype контактіні оңай таба алады. Оның Skype атын немесе электрондық поштасын білмесеңіз, аты бойынша іздеп көруге де болады.

Skype контактісін қосу үшін...

1 - People (Адамдар) бетінде **+ Add a friend (Дос қосу)** түймесін басыңыз.

2 - **Skype Name (Skype атын)** немесе жаңа контактінің электрондық пошта мекенжайын енгізіңіз. Атты енгізіп көруге де болады. Аяқтаған кезде, **Search Skype (Skype ішінен іздеу)** түймесін басыңыз.

3 - Skype іздеп жатқан контактіні іздейді және іздеу нәтижелерін көрсетеді.

4 - Қажетті контактіні басып, **Add contact (Контакт қосу)** тармағын таңдаңыз.

5 - Сұрауды жазып, **Send (Жіберу)** түймесін басыңыз. Skype жаңа контактіге сұрау хабарын жібереді.

Контакт сұрауды қабылдаса, жаңа контактінің Skype аты тізімде пайда болады және контактіңізге Skype арқылы қоңырау шалуға болады.

Телефон нөмірін қосу

People (Адамдар) (тармағында), контактілер тізімінде, телефон нөмірін контакт ретінде қосуға болады. Телефонға Skype дауыстық қоңырауы көмегімен қоңырау шалуға болады. Телефондарға қоңырау шалу үшін Skype кредиттері қажет.

Телефон нөмірін қосу үшін...

1 - People (Адамдар) бетінде **Add a friend (Дос қосу)** түймесін басыңыз.

2 - **Add a telephone number (Телефон нөмірін қосу)** түймесін басыңыз.

3 - Контактінің атын енгізу үшін **Enter name (Атын енгізу)** пернесін басыңыз. Аяқтаған кезде атын енгізіп, **Save (Сақтау)** түймесін басыңыз.


4 - Қосу қажет телефон нөмірі түрінің жанына **Add number (Нөмірді қосу)** түймесін басыңыз.

5 - Кез келген елді басыңыз. Осы телефон нөмірі үшін дұрыс елді іздеп, сәйкес жалаушаны басыңыз.

6 - Контактінің телефон нөмірін енгізіңіз.

7 - **Save (Сақтау)** түймесін басыңыз. Аяқтаған кезде осы контакт үшін басқа телефон нөмірін қосуға немесе **Add to contacts (Контактілерге қосу)** түймесін басуға болады.

Контакт болуды сұрауды қабылдау

Contact request (Контакт сұрауын) қабылдаған кезде контакт Адамдар бетінде көрсетіледі. Белгіше  олардың атының жанында көрсетіледі.

Контакт болуды сұрауды қабылдау үшін...

1 - **People (Адамдар)** бетінде контактін басыңыз.

2 - **Accept (Қабылдау)** түймешігін басыңыз. Енді жаңа контактіге қоңырау шалып, олардың онлайн күйін қарауға болады.

Контактін жою және блоктау

Skype контактін жоюға және блоктауға болады. Контакт сізбен Skype желісінде байланыса алмайды. Сондай-ақ, олар контактілер тізімінен жойылады.

Блокталған контактіге хабарландыру бармайды. Олардың контактілер тізімінде сіз офлайн көрінесіз.

Блокталған контактілерді әрқашан блоктан шығаруға болады. Олар контактілер тізіміне кері қосылады.

Телефон нөмірлерін блоктау мүмкін емес. Олардың контактілер тізімінен жоюға ғана болады.

Контактін блоктау және жою үшін...

1 - **People (Адамдар)** бетінде блоктау қажет контактін басыңыз.

2 - **Remove and block this contact (Осы контактін жою және блоктау)** түймесін басыңыз.

3 - **Remove (Жою)** түймесін басыңыз. Контакт тізімнен жойылады және олар сізбен хабарласа алмайды.

Контактін блоктаудан шығару үшін...

1 - Skype мәзірінде **Settings (Параметрлер)** түймесін басыңыз.

2 - **Security (Қауіпсіздік) > Manage blocked contacts (Блокталған контактілерді басқару)** тармағын таңдаңыз.

3 - Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Контактінің атын өзгерту

Контакт атын өзгерту үшін...

1 - **People (Адамдар)** бетінде атын өзгерту қажет контактін басыңыз.

2 - Контакт атының жанындағы **Edit (Өңдеу)** түймесін басыңыз.

3 - Осы контактіге жаңа атау енгізіп, **Save (Сақтау)** түймесін басыңыз.

20.6

Skype қызметінде қоңырау шалу


Бейне немесе бейне қоңырау

Бейне қоңырау шалу



Бейне қоңырауын шалу үшін...



1 - **People (Адамдар)** бетінде қоңырау шалу қажет контактін басыңыз.

2 - **Video call (Бейне қоңырау)** түймесін басыңыз. Егер контакт Skype бағдарламасында болса, Skype камерасы қосылған болса және қоңырауға жауап берсе, сол адамды теледидарда көре аласыз.

3 - Қоңырауды аяқтау үшін,  **End call (Қоңырауды аяқтау)** түймесін басыңыз.

Skype камерасы қосылып тұрғанда, көк көрсеткіштің жарық диоды жанады. Контакт нені көретінін теледидар экранының төменгі оң жағындағы шағын экранда көре аласыз.

Skype камерасын өшіру үшін,  **Video Off (Бейнені өшіру)** түймесін басыңыз. Кері қосу үшін,  **Video On (Бейнені қосу)** түймесін басыңыз.

Микрофон дыбысын өшіру үшін,  **Mic Off (Микрофонды өшіру)** түймесін басыңыз. Кері қосу үшін,  **Mic On (Микрофонды қосу)** түймесін басыңыз.


Дауыстық қоңырау шалу

Камераны өшіріп қойып бейне қоңырау шалу үшін **Voice call (Дауыстық қоңырау)** шалыңыз.

Дауыстық қоңырау шалу...

1 - **People (Адамдар)** бетінде қоңырау шалу қажет контактін басыңыз.

2 - **Voice call (Дауыстық қоңырау)** түймесін басыңыз. Егер контакт Skype бағдарламасында болса және қоңырауға жауап берсе, контактмен сөйлесе аласыз.

3 - Қоңырауды аяқтау үшін,  **End call (Қоңырауды аяқтау)** түймесін басыңыз.

Контакт сізді бірнеше қатысушысы бар дауыстық қоңырауға қоса алады. Қосымша қатысушыны өзіңіз қоса алмайсыз.

Телефондарға қоңырау шалу

Skype арқылы мобильді телефондарға немесе стационарлық телефондарға бағасы төмен қоңырау шалуға болады. Телефондарға қоңырау шалу үшін Skype кредитін немесе Skype жазылымын сатып алу қажет.

Телефонға қоңырау шалу үшін...

- 1 - **People (Адамдар)** бетінде телефон нөмірі контактісін басыңыз.
- 2 - Нөмірді басыңыз. Телефон нөмірінің көмегімен қоңырау шалу үшін сізде **Skype Credits (Skype кредиттері)** қол жетімді болуы немесе Skype жазылымы болуы керек. Егер контакт телефонға жауап берсе, контактімен сөйлесе аласыз.
- 3 - Қоңырауды аяқтау үшін, **End call (Қоңырауды аяқтау)** түймесін басыңыз.

Сондай-ақ, Skype көмегімен тікелей телефон нөміріне қоңырау шалуға болады. Телефон нөмірін тергіш көмегімен енгізуге болады.

Тергішті ашу үшін...

- 1 - **Skype menu (Skype мәзірінде) Call phones (Телефонға қоңырау)** түймесін басыңыз.
- 2 - Ел кодын қосу үшін **Select country (Елді таңдау)** түймесін басыңыз. Қажетті елді іздеп, оның аты мен жалаушасын басыңыз.
- 3 - **Call phones (Телефонға қоңырау)** бөліміне оралыңыз.
- 4 - Телефон нөмірін енгізу үшін пернетақтадағы сандарды басыңыз.
- 5 - **Call (Қоңырау)** түймесін басыңыз.
- 6 - Қоңырауды аяқтау үшін, **End call (Қоңырауды аяқтау)** түймесін басыңыз.

Skype көмегімен төтенше жағдай қоңырауын шала алмайсыз

Skype телефонды ауыстырмайды және оны төтенше жағдайда қоңырау шалу үшін пайдалана алмайсыз.



Қоңырау қабылдау

Skype бағдарламасына кіріп, теледидар көріп жатқанда, рингтон және хабар кіріс қоңырау туралы ескертеді. Хабар кімнің қоңырау шалып жатқанын көрсетеді және сіз қоңырауға жауап беруді немесе оны қабылдамауды орындай аласыз.

Қоңырауға жауап беру үшін, **Answer (Жауап беру)** пернесін басып, бейнемен жауап беріңіз.

Камера өшірулі кезде қоңырауға жауап беру үшін, **Answer (Жауап беру)** пернесін басып, дыбыспен жауап беріңіз.

Қоңырауды қабылдамау үшін, **Decline (Қабылдамау)** түймесін басып, қоңырауды

қабылдамаңыз.

Журнал

Skype мәзірінің **History (Журнал)** бетінен теледидарда жасалған қоңыраулар тізімін табасыз. Өткізіп алынған қоңырауларды тауып, Voice messages (Дауыстық хабарларды) тыңдауға болады.

Skype оқиғаларының журнал тізімінде сақталу ұзақтығы сізде бар контактілер көлеміне және Skype қызметін пайдалану қарқындылығыңызға байланысты болады.

Дауыстық хабарлар

Дауыстық хабарлар туралы

Егер біреу Skype арқылы сізге қоңырау шалса және сіз қоңырауды алмасаңыз, ол сізге **Skype Voice messages (Skype дауыстық хабарларда)** ауызша хабар қалдыра алады. Егер контактіге қоңырау шалсаңыз және олар қоңырауды қабылдаса, контактіге дауыстық хабар жібере аласыз.

Дауыстық хабар жіберу немесе алу үшін, алдымен, сіз немесе контактіңіз Skype дауыстық хабарларын орнатуы қажет. Дауыстық хабарларды компьютерде орнатуға болады. Мына сайтқа өтіңіз: www.skype.com

Дауыстық хабарды жазу

Контактіңіз Voice messages (Дауыстық хабарларды) іске қосса, олар қоңырауға жауап бермеген кезде дауыстық поштадан шығуға болады.

Дауыстық хабарды жазу үшін...

- 1 - Контактіге қоңырау шалыңыз. Егер қоңырауларға жауап берілмесе, Skype **Voice message (Дауыстық хабар)** жіберуді ұсынады.
- 2 - Сигналдан кейін хабарды айтыңыз.
- 3 - Жазуды тоқтату үшін, **End call (Қоңырауды аяқтау)** түймесін басыңыз.

Дауыстық хабарды ойнату

Контакт сізге дауыстық хабар жібере алады. Дауыстық поштаны Журнал бетінен ойнатуға болады.

Дауыстық хабарды ойнату үшін...

- 1 - **Skype menu (Skype мәзірінде) History (Журнал)** түймесін басыңыз.
- 2 - Ойнату қажет **Voice message (Дауыстық хабарды)** басыңыз.
- 3 - Дауыстық хабарды ойнату үшін **Play (Ойнату)** түймесін басыңыз. Дауыстық хабарды қалағаныңызша тыңдай аласыз.

Скype кредиті

Скype қызметінде Скype кредитін сатып алуға немесе Скype жазылымын алуға болады. Скype кредиті немесе Скype жазылымы бар болса, теледидарыңыз арқылы мобильді телефондарға немесе стационарлық телефондарға бағасы төмен қоңырау шалуға болады.

Скype кредитін сатып алу

Скype кредитін сатып алу немесе Скype жазылымын алу үшін, компьютерде Скype қызметіне кіріңіз. Сатып алатын Скype кредиті теледидарда Скype қызметіне кіргенде қол жетімді болады.

Кредиттің көлемі немесе жазылым ақпараты телефонға қоңырау шалуға болатын әрбір бетте көрсетіледі.

Скype кредиті аз

Телефонға қоңырау шалу үшін кредит тым аз болғанда ескерту аласыз.

Скype параметрлері

Құпия сөзімді есте сақтау

Теледидарда әрқашан бірдей Скype тіркелгісін пайдалансаңыз, Скype желісінде кіру бетін өткізіп жіберуге реттей аласыз.

Кіру бетінде **Remember my password (Құпия сөзімді есте сақтау)** алдындағы ұяшыққа белгі қойыңыз. Скype желісінен шықпасаңыз және теледидарды қарауға кері өтсеңіз немесе теледидарды өшірсеңіз, Скype бағдарламасын келесі қосқан кезде, ол Адамдар бетінде ашылады. Алдымен кірудің қажеті жоқ.

Жалпы ақпарат

Скype кредиті

Скype кредитінің санын тексеру үшін...

Скype бағдарламасын іске қосып, **Settings (Параметрлер) > General (Жалпы) > Skype Credit (Скype кредиті)** тармағын басыңыз.

Скype шарттары мен талаптары

Скype шарттары мен талаптарын немесе Скype құпиялылық саясатын оқу үшін...

Скype бағдарламасын іске қосып, **Settings (Параметрлер) > General (Жалпы) > Terms and Conditions (Шарттар мен**

талаптар) немесе **Privacy Policy (Құпиялылық саясаты)** түймесін басыңыз.

Қауіпсіздік

Құпия сөзді өзгерту

Ағымдағы Скype құпия сөзін өзгертуге және Скype тіркелгісі үшін жаңа құпия сөзді енгізуге болады.

Құпия сөзді өзгерту үшін...

- 1 - Скype бағдарламасына тіркелгімен кіріңіз.
- 2 - **Skype menu (Скype мәзірінде) Settings (Параметрлер)** түймесін басыңыз.
- 3 - **Security (Қауіпсіздік)** түймесін және **Change password (Құпия сөзді өзгерту)** түймесін басыңыз.
- 4 - Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Блокталған контактілер

Барлық блокталған контактілердің тізімін көруге болады. Осы тізімнен контактілерді блоктан шығаруға болады.

Тізімді ашу үшін...

- 1 - Скype бағдарламасына тіркелгімен кіріңіз.
- 2 - **Skype menu (Скype мәзірінде) Settings (Параметрлер)** түймесін басыңыз.
- 3 - **Security (Қауіпсіздік) > Manage blocked contacts (Блокталған контактілерді басқару)** тармағын басыңыз.

Кіріс қоңыраулар

Скype бағдарламасын Скype қоңырауларын шектеуге орнатуға болады.

Шектеуді реттеу үшін...

- 1 - Скype бағдарламасына тіркелгімен кіріңіз.
- 2 - **Skype menu (Скype мәзірінде) Settings (Параметрлер)** түймесін басыңыз.
- 3 - **Security (Қауіпсіздік) > Allow calls from (Қоңырауларға рұқсат ету) > Anybody (Барлығы)** немесе **Only my contacts (Тек менің контактілерім)** тармағын басыңыз.

Профиль суреті

Скype бағдарламасын профиль суретін көрсетуді шектеуге реттеуге болады.

Шектеуді реттеу үшін...

- 1 - Скype бағдарламасына тіркелгімен кіріңіз.
- 2 - **Skype menu (Скype мәзірінде) Settings (Параметрлер)** түймесін басыңыз.
- 3 - **Security (Қауіпсіздік) > Show My profile picture (Профиль суретін көрсету) > Anybody (Барлығы)** немесе

Only my contacts (Тек менің контактілерім) тармағын басыңыз.

2 - **Sign out (Шығу)** түймесін басыңыз.

Дабылдар

Skype дабылдарын кіріс қоңырауға, контакт сұрауына, дауыстық хабарға немесе өткізіп алынған қоңырауға реттеуге болады. Кіріс қоңырауларының дабылы мен қоңырау дыбысын реттеуге де болады.

Skype дабылдарын реттеу үшін...

1 - Skype бағдарламасына тіркелгімен кіріңіз.

2 - **Skype menu (Skype мәзірінде)** ⚙ **Settings (Параметрлер)** түймесін басыңыз.

3 - **Alerts (Дабылдар)** түймесін басыңыз.

Камера

Камераны орналастыру

Камераның көру нүктесін реттеуге болады. Камера жақтауының масштабын үлкейтуге немесе кішірейтуге, панорамалауға немесе еңкейтуге болады.

Камераның көру нүктесін орнату үшін...

1 - Skype бағдарламасына тіркелгімен кіріңіз.

2 - **Skype мәзірінен** ⚙ **Settings (Параметрлер)** > **Camera (Камера)** тармағын таңдаңыз.

3 - Ұлғайту үшін, **+** (қосу) түймесін басыңыз. Кішірейту үшін, **—** (алу) түймесін басыңыз. Камера жақтауын жылжыту (панорамалау) үшін, суреттегі көрсеткілерді солға не оңға басыңыз. Камера жақтауын еңкейту үшін, көрсеткілерді жоғары не төмен басыңыз.

4 - Камераның көру нүктесін сақтау үшін **Save (Сақтау)** түймесін басыңыз.

20.9

Теледидарға оралу

Skype бағдарламасын жауып, теледидар қарауды жалғастыру үшін **Back to TV (Теледидарға оралу)** түймесін басыңыз.

Контактілеріңіз әлі де қоңырау шала алады.

20.10

Шығу

Skype бағдарламасынан шыққан кезде, контактілеріңіз қоңырау шала алмайды.

Шығу үшін...

1 - **Skype мәзірінен** ⚙ **Settings (Параметрлер)** тармағын таңдаңыз.

Multi Room

21.1

Multi Room туралы

Multi Room арқылы үйдегі басқа теледидардан келетін теледидар бағдарламасын қарауға болады. Бағдарлама бір теледидардан басқасына ағынмен тасымалданады. Бағдарламаны антенна байланысы жоқ немесе жеке смарт карта жазылымы жоқ теледидарға ағынмен жіберуге болады. Сондай-ақ, жалғанған қатты дискі арқылы теледидардан жазылған бағдарламаны ағынмен жіберуге болады.

Бағдарламаны басқа теледидардан ағынмен жіберетін теледидар қосулы болуы және арнаға реттелуі немесе жазбаны ойнатуы қажет.

Теледидар бағдарламасын Multi Room мүмкіндігімен ағынмен тасымалдау сурет ажыратымдылығын ең көбі 720 p азайтады. Радио арналарды ағынмен жіберу мүмкін емес. Ағынмен тасымалдаудың осы түрін болдырмау үшін кейбір таратушылар бағдарламаларын қорғайды.

21.2

Сізге не қажет

Теледидар бағдарламасын бір теледидардан басқасына ағынмен жіберу үшін, бағдарлама саңдық телеарнадан келуі қажет.

Теледидардың екеуі де сымсыз үй желісіне қосылуы қажет. Қосымша ақпарат алу үшін, **Keywords (Кілтсөздер)** пернесін басып, **Wireless Network (Сымсыз желі)** деп іздеңіз.

Сондай-ақ, теледидардың екеуінде де 8 немесе одан көп санмен аяқталатын Philips үлгі нөмірі болуы қажет, мысалы, xxXXXXxx8 немесе xxXXXXxx9. Ескірек теледидарды оны ең жаңа бағдарламалық құралымен жаңарту қажет болуы мүмкін. Ескірек теледидарда бағдарламалық құралды жаңарту бойынша Анықтама бөлімін оқыңыз.

Екі теледидарда да теледидар орнатуында **Switch on with Wi-Fi (WoWLAN) (Wi-Fi (WoWLAN) арқылы қосу)** параметрі қосулы екенін тексеріңіз.

Осы теледидарда осы параметрді тексеру үшін...

- 1 - **Settings** түймесін басыңыз және **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 2 - **Network (Желі)** түймесін, кейін **Switch on with Wi-Fi (WoWLAN) (Wi-Fi желісімен қосу (WoWLAN))** түймесін басыңыз.
- 3 - **On (Қосу)** түймесін басыңыз.
- 4 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

Бағдарламаны басқа теледидардан ағынмен жіберетін теледидар қосулы болуы және арнаға реттелуі немесе жазбаны ойнатуы қажет.

21.3

Multi Room мүмкіндігін пайдалану

Бастау

Multi Room мүмкіндігін бірінші рет пайдаланған кезде, екі теледидарды да қосыңыз.

Бұл теледидар басқа теледидармен қосылымды орнатқаннан кейін, екіншісі күту режимінде болса да, **Browse network (Желіні шолу)** мәзірінде автоматты түрде пайда болады.

Телеарнаны ағынмен жіберу

Multi room көмегімен ағым теледидардың арнасын көре аласыз немесе басқа теледидардың арналар тізімін аша аласыз. Тізімнен арнаны таңдасаңыз, басқа теледидар да таңдалған арнаға ауысады. Басқа теледидарда орнатылған арналары бар бекітілген жерсерік тюнері немесе жазбалары* бар қосылған қатты дискісі (HDD) болса, оларды да осы теледидарда көре аласыз. Басқа теледидар жазып жатқан кезде, теледидарды уақытша тоқтату режимінде болғанда немесе Skype қызметін пайдаланып жатқанда, арналарды ауыстыра алмайсыз.

Басқа теледидардан телеарнаны көру. . .

- 1 - Басқа теледидардың күту режимінде* немесе қосулы екенін тексеріңіз.
- 2 - Осы теледидарда **SOURCES** пернесін басыңыз, **Browse network (Желіні шолу)** перменін таңдап, **OK** пернесін басыңыз.
- 3 - Теледидар үй желісіне әлі қосылмаған болса, желіні орнатуы автоматты түрде басталады. Теледидар қосылып қойған болса, 4-қадамға өтіңіз.
- 4 - **Browse network (Желіні шолу)** мәзірінде басқа теледидардың атауын таңдап, **OK** пернесін басыңыз. Үйіңізде бірнеше теледидар болса, басқа теледидардың атауын өзгерткіңіз келуі мүмкін. Оны сол теледидарда орындай аласыз.
- 5 - Басқа теледидардан көргіңіз келетін нәрсені таңдаңыз . . .
 - басқа теледидардың ағымдағы арнасын көру үшін **Current channel (Ағымдағы арна)** параметрін таңдап, **OK** пернесін басыңыз.
 - басқа теледидардың арналар тізімін ашу үшін **Watch TV (Теледидар көру)** параметрін таңдап, **OK** пернесін басыңыз.
 - басқа теледидардың жерсеріктік арналар тізімін ашу үшін **Watch satellite (Жерсерікті көру)** параметрін таңдап, **OK** пернесін басыңыз.
 - басқа теледидардағы жазбалар* тізімін ашу үшін **Watch**

recordings (Жазбаларды көру) параметрін таңдап, ► (оң) пернесін басыңыз.

- арналарды **■ ■ ■ +** және **■ ■ ■ -** көмегімен ауыстыра аласыз.

Басқа теледидар жазып жатқан кезде, теледидарды кідірту режимінде болғанда немесе Skype қызметін пайдаланып жатқанда, арналарды ауыстыра алмайсыз.

* Басқа теледидарды күту режимінен қосу немесе оның жазбаларын қосылған HDD құрылғысынан көру үшін екі теледидардың түр нөмірі сегізбен бітуі тиіс, мысалы (экран өлшемі) **PFLxxx8**

Теледидар атауы

Теледидардың атауын өзгерту. . .

🏠 пернесін басып > **Setup (Орнату)** > **Network settings (Желі параметрлері)** > **TV network name (Теледидар желісінің атауы)** тармақтарын таңдаңыз.

Осыны бөлісу...

☐ пернесін басып > > Network settings
(Желі параметрлері) > TV network name (Теледидар желісінің атауы) тармағына өтіңіз. Теледидар нұсқаулығында таңдалған бағдарламаның тақырыбымен және ақпаратымен бөлісуге немесе бағдарлама атауымен және Smart TV бағдарламасындағы оның белгішесімен бөлісіңіз. Осылардың бәрін Facebook не Twitter немесе Smart TV бағдарлама беттерінде қолжетімді әлеуметтік желіде бөлісіңіз.

Теледидар интернетке қосылған болуы керек.

Көріп жатқан нәрсені немесе қазір таңдаған нәрсені бөлісу үшін...

1 -) мәзірін ашу үшін ☐ түймесін басыңыз.

2 - Бөлісу керек әлеуметтік желіні таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

3 - Теледидар әлеуметтік желінің веб-сайтын ашады. Таңдалған әлеуметтік желіге байланысты хабарды жариялауға, жіберуге немесе енгізуге болады.

Теледидарды қашықтан басқару бағдарламасы

Жаңа Philips теледидарды қашықтан басқару қолданбасы — сіздің жаңа теледидар досыңыз.

Смартфондағы немесе планшеттегі теледидарды қашықтан басқару бағдарламасы арқылы айналаңыздағы медианың шеберіне айналасыз. Үлкен теледидар экранына фотосуреттер, музыка немесе бейнелер жіберіңіз, не болмаса теледидар арналарының кез келгенін планшеттен немесе телефоннан көріңіз. Көргіңіз келетін нәрсені іздеп, оны телефоннан немесе теледидардан көріңіз. Теледидарды қашықтан басқару бағдарламасымен басқару сіздің қолыңызда болады. Теледидар дыбысын азайту керек болуы мүмкін.

Таңдаулы қолданбалар дүкенінен бүгін Philips теледидарды қашықтан басқару қолданбасын сатып алыңыз.

Ол тегін.

Philips теледидарды қашықтан басқару қолданбасы iOS және Android үшін қолжетімді.


Параметрлерді орнату


24.1

Жылдам параметрлер

Ең жиі қажет болатын теледидар параметрлері **Quick Settings** (Жылдам параметрлер) мәзірінде жинақталған.

Мәзірді ашу үшін...

- 1 -  пернесін басыңыз.
- 2 - Реттелетін параметрді басыңыз.

- 3 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін  **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.



24.2

Сурет

Сурет мәнері

Мәнерді таңдау

Суретті оңай реттеу үшін алдын ала орнатылған сурет мәнерін таңдауға болады.

- 1 - Теледидар арнасын қарау кезінде  пернесін басып, **Picture Style (Сурет мәнері)** түймесін басыңыз.
- 2 - Тізімдегі мәнерлердің бірін басыңыз.
- 3 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін  **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

Қолжетімді мәнерлер...

- **Personal (Жеке)** - бірінші бастау кезінде орнатылған сурет параметрлері.
- **Vivid (Жанды)** - күндізгі жарықта көруге ыңғайлы
- **Natural (Табиғи)** - табиғи сурет параметрлері
- **Standard (Стандартты)** - ең энергиялық ыңғайлы параметр - зауыттық параметр
- **Movie (Фильм)** — фильмдерді көруге ыңғайлы
- **Photo (Фотосурет)** - фотосуреттерді көруге ыңғайлы
- **ISF Day (ISF күн)** - ISF калибрлеуі үшін
- **ISF Night (ISF түн)** - ISF калибрлеуі үшін





Мәнерді қалпына келтіру

Таңдалған сурет мәнері арқылы кез келген сурет параметрін **Setup (Орнату) > Picture (Сурет)** тармағы арқылы реттеуге болады...

Таңдалған мәнер жасалған өзгертулерді сақтайды. Сурет параметрлерін **Personal (Жеке)** мәнері үшін ғана реттеуге кеңес береміз. Сурет мәнері - Жеке оның параметрлерін

Sources (Көздер) мәзіріндегі әр жеке қосылған құрылғы үшін сақтай алады.




Мәнерді оның бастапқы параметріне қалпына келтіру үшін...

- 1 -  түймесін басыңыз және  (сол жақ) **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 2 - **Picture (Сурет) > Picture Style (Сурет мәнері)** тармағын және қалпына келтіру қажет сурет мәнерін басыңыз.
- 3 -  **Restore Style (Мәнерді қалпына келтіру)** түсті пернесін басыңыз. Мәнер қалпына келтіріледі.
- 4 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін  **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

Үй немесе дүкен

Теледидарды қосқан сайын Сурет мәнері **Vivid (Жанды)** параметріне орала берсе, теледидар орны үшін **Shop (Дүкен)** параметрі көрсетілген. Дүкенде жарнамалауға арналған параметр.

Теледидарды үйде пайдалануға реттеу үшін...




- 1 -  түймесін басыңыз және  (сол жақ) **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 2 - **General Settings (Жалпы параметрлер) > Location (Орны)** тармағын және **Home (Үй)** түймесін басыңыз.
- 3 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін  **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

Ойын немесе компьютер

Құрылғыны жалғаған кезде, теледидар оның түрін анықтайды және әр құрылғыға дұрыс түр атауын береді. Қаласаңыз, түр атауын өзгертуге болады. Құрылғыға дұрыс түр атауы берілсе, Sources (Көздер) мәзірінде осы құрылғыға ауысқан кезде, теледидар ыңғайлы теледидар параметрлеріне автоматты түрде ауысады.

Ендірілген Blu-ray диск ойнатқышы бар ойын консоліңіз болса, түр атауын Blu-ray дискісіне реттеуіңіз мүмкін. **Game or Computer (Ойын немесе компьютер)** арқылы ойынға арналған ыңғайлы параметрге қолмен ауыса аласыз. Теледидар қарауға оралған кезде Game or Computer (Ойын немесе компьютер) параметрін өшіруді ұмытпаңыз.

Параметрді қолмен ауыстыру үшін...

- 1 -  түймесін басыңыз және  (сол жақ) **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 2 - **Picture (Сурет) > Advanced (Кеңейтілген)** тармағын таңдап, **Game or Computer (Ойын немесе компьютер)** түймесін басыңыз.
- 3 - Пайдалану қажет құрылғы түрін басыңыз. Теледидарға оралу үшін, **Off (Өшіру)** түймесін басыңыз.
- 4 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін  **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

Сурет параметрлері

Түсі

Colour (Түс) параметрімен сурет түсінің қанықтығын реттеуге болады.




Түсті реттеу үшін...

- 1 -  түймесін басыңыз және  (сол жақ) **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 2 - Мәнін реттеу үшін **Picture (Сурет) > Colour (Түс)** тармағын таңдап, жүгірткі жолағының ішін басыңыз.
- 3 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін  **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

Контраст

Contrast (Контраст) көмегімен суреттің контрастын реттеуге болады. 3D суреттерін қарап отырсаңыз, бұл параметр **3D contrast (3D контрасты)** мүмкіндігіне ауысады.




Контрасты реттеу үшін...

- 1 -  түймесін басыңыз және  (сол жақ) **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 2 - Мәнін реттеу үшін **Picture (Сурет) > Contrast (Контраст)** тармағын таңдап, жүгірткі жолағының ішін басыңыз.
- 3 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін  **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

Айқындылық

Sharpness (Анықтық) параметрімен суреттің анықтық деңгейін егжей-тегжейлі реттеуге болады.

Айқындылықты реттеу үшін...

- 1 -  түймесін басыңыз және  (сол жақ) **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
- 2 - Мәнін реттеу үшін **Picture (Сурет) > Sharpness (Айқындылық)** тармағын таңдап, жүгірткі жолағының ішін басыңыз.
- 3 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін  **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.



Жетілдірілген

Түсі


Түсті жақсарту

Colour Enhancement (Түсті жақсарту) параметрімен түс қарқындылығы мен ашық түстерді арттырады.

Деңгейді реттеу үшін...

- 1 -  түймесін басыңыз және  (сол жақ) **Setup (Орнату)**




түймесін басыңыз.

- 2 - **Picture (Сурет) > Advanced (Кеңейтілген) > Colour (Түс) > Colour Enhancement (Түсті жақсарту)** тармағын және **Maximum (Ең көп)**, **Medium (Орташа)**, **Minimum (Ең аз)** немесе **Off (Өшірулі)** параметрін басыңыз.
- 3 - Қажет болса, мәзірді жабу үшін  **BACK** пернесін қайта-қайта басыңыз.

Түс температурасы

Colour Temperature (Түс температурасы) параметрімен суретке алдын ала орнатылған түс температурасын қоюға немесе **Custom Colour Temperature (реттелетін түс температурасы)** параметрімен жеке температура параметрін орнату үшін **Custom (Реттелетін)** опциясын таңдауға болады. **Colour Temperature (Түс температурасы)** және **Custom Colour Temperature (Реттелетін түс температурасы)** — тәжірибелі пайдаланушыларға арналған параметрлер.

Алдын ала орнатуды таңдау үшін...

- 1 -  түймесін басыңыз және  (сол жақ) **Setup (Орнату)** түймесін басыңыз.
